

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№7 | 2023

ZANMEDIA.KZ

ҒАЛИЯ ОҒЛАНБЕКОВА,

Алматы қаласының мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының
судьясы

**МЕДИАЦИЯ -
ТАРАПТАРҒА
ОРТАҚ
МҮДДЕНІ
КӨЗДЕЙДІ**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№7 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

«МЕДИАЦИЯ — ТАРАПТАРҒА ОРТАҚ МҮДДЕНІ КӨЗДЕЙДІ»

Ғ. ОҒЛАНБЕКОВА

3

ҰЛТ ЖОСПАРЫ ӨЗІН-ӨЗІ АҚТАУДА

Г. ДОСЖАНОВА

8

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ ТЕК ЗАҢҒА БАҒЫНАДЫ

С. ЖИЛКАЙДАРОВ

11

ҚАДІР-ҚАСИЕТТІ КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Е. БАЙБОЛОВ

13

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ!

Қ. МЕКЕМТАС

15

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ СОТТЫҢ ҚҰЗЫРЛЫҒЫНДА

М. АҚЫНБЕК

17

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЗАҢҒЕР КӨМЕГІН АЛУДЫ ЖЫЛДАМДАТТЫ

Д. САРСЕБЕКОВА

21

СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ҚАҒИДАТЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Ж. ЖӘКЕЕВА

23

ҰЖЫМ БІРЛІГІ — ӨНІМДІ ЕҢБЕК КЕПІЛІ

М. ФАЗЫЛОВА

27

ЖҮЙЕ ЖҰМЫСЫН ЖАҢҒЫРТУ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙДЫ

А. КҮНШЫҒАРОВА

31

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ТІРКЕЛГЕНІ ЖӨН

О. ЖОЛДЫБАЕВ

33

КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛЫҚ ДАУЛАРЫ

М. ШАРИПОВА,

34

ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫЛАТА МА?

Р. НАРБЕК,

36

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ІС МАТЕРИАЛДАРЫМЕН ТАНЫСУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Ә. АХМЕТОВА

38

СОТ ШЕШІМІН ТЕК СОТ ҚАНА ӨЗГЕРТЕДІ

А. САЙДУЛЛАЕВ

41

Ғалия ОҢЛАНБЕКОВА,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы:

«МЕДИАЦИЯ – ТАРАПТАРҒА ОРТАҚ МҮДДЕНІ КӨЗДЕЙДІ»

– Кәсіпкерлер арасындағы дауды сотсыз шешудің артықшылықтары ретінде нені атар едіңіз?

– Дала билігінің дара тұлғалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға басымдық бергені баршамызға белгілі. Мысалы, «Медиация туралы» заңның аты бөлек болғанымен, ол дарабоз билеріміздің дәстүрлі төрелік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы.

Мұны айтып отырғаным, дамыған бизнес – мемлекетіміздің бірден-бір тірегі, ел экономикасының қарқынды өсуіне үлкен күш беріп отыр. Сондықтан, бизнесте абырой-бедел әрқашанда айрықша маңызға ие. Ал, абырой-беделді сақтауда медиация таптырмас тәсіл болады. Олай дейтінім, туындаған даудың ашық айтылуын қаламайтындар мен уақытты жоғары бағалайтындар үшін медиацияның берері мол. Біріншіден, құпиялылық қамтамасыз етіледі, екіншіден, тараптар өздеріне ыңғайлы уақытты таңдай алады, ең бастысы әріптестік қарым-қатынас сақталады.

«Татулық – табыс кілті» дегендей, дауды жағымды қарым-қатынаспен бітірудің тараптардың өздері және кәсіптері үшін де пайдасы ұшан-теңіз. Келісімге келе алмағанның өзінде олар ешнәрсе жоғалтпайды, сотқа жүгіну құқықтары сақталады.



Негізі іскерлік ортадағы дау-жанжалды қосымша келісімдермен, сондай-ақ, заңдық күші бар шарттар жасасу арқылы да реттеуге болады. Мұндай кезде ең қолайлысы бітімгершілік келісімдер дер едім. Өйткені, медиация тараптардың ұстанымдарын

емес, оларға ортақ мүддені көздейді және екі жақтың да өздерін қанағаттандыратын шешімге ие болуына жағдай жасайды. Дауды ортақ келісіммен бітірудің басты артықшылығы осында.

– Алматылық кәсіп иелерінің дауды бітімгершілікпен бітірудегі белсенділігі көңілден шыға ма?

– Кейбір заңды тұлғалардың дау шешудің сотқа дейінгі тәртібіне әлі де мән бермей жатқанын айтпауға болмайды. Бұған көбінесе олардың медиацияның тиімділігін түсінбеуі себеп болуда. Дегенмен, соңғы жылдары медиация бизнес саласында тиімді қолданылып келеді. Себебі, сотқа жүгіну процесі ұзақ уақыт алады, әрі екі жақтың бірі ұтылады. Бұл өз кезегінде бизнестегі серіктестік қарым-қатынасқа үлкен зиянын тигізеді. Мұны заңды тұлғалар жақсы түсінуде.

– Бұл ретте өз тәжірибеңізден айтсаңыз?

– Медиация тәсілдері, ең алдымен, ынтымақтастық аясында келіссөздерді жүргізуге бағытталады. Медиация кезінде тараптар келіссөздер жүргізіп, өзара жанжалды реттейді. Тараптарға арадағы келіспеушілікті медиация жолымен шешудің ортақ пайдасы мен мән-маңызын мүмкіндігінше түсіндіруге тырысамыз. Мұндай жұмыстар нәтижесіз емес. Оған бизнес саласы өкілдерінің дауды бейбіт жолмен бітіру көрсеткішінің жылдан-жылға артуы дәлел. Яғни, «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы бойынша «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасының жүзеге асырылуы мәмілеге келушілер қатарын, медиативтік келісімдерді көбейтіп жатыр.

Мысалы, соңғы бір жарым айда үш талап арызда тараптар бейбіт келісімге келді. Нақты айтсам, акционерлік қоғамдар арасындағы қарыз дауына байланысты істе тараптардың өкілдерімен онлайн кездесу ұйымдастырылды. Оларға медиацияның мүмкіндіктері жан-жақты түсіндірілді, нәтижесінде сотқа тараптардан дау-жанжалды

медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді және сотқа дейінгі хаттаманы бекіту туралы арыздар түсті. Іс материалдарын зерделей келе, келісім бекітілді және осы азаматтық іс қолжеткізілген келісімшарттарына байланысты тоқтатылды. Жауапкер қарызын бөліп төлеуге міндеттенді. Яғни, келісімшарт бойынша қарыздан екі айда құтылады. Ал, талап қоюшы жауапкер өз міндеттерін уақытында орындаса, шарт бойынша тұрақсыздық айыбын өндіруге қатысты талаптардан толық бас тартуға келісті.

Тағы бір мысал, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен (жазбаша іс жүргізу) қабылданған істе де тараптар бітімгершілік келісімге келді. Олар бітімгершілік келісімін өз еріктерімен жасады, ондағы шарттар заңға қайшы келмейді және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды. Сондықтан, тараптар арасында жасалған бітімгершілік келісім бекітілді. Жауапкер талапкердің 1 175 327 теңге сомасындағы талабын, оның ішінде жеткізілген тауар үшін 1 050 013 теңге қарызды, 25 314 теңге өсімпұлды және өкілдің көмегіне ақы төлеу шығындарын мойындап, оны келісімшартта көрсетілген мерзімде орындауды өз міндетіне алды.

Қарыздар мен өсімпұлдарды өндіріп алу туралы талап арызда шарт бойынша жүкті тасымалдау қызметі бойынша 2500 АҚШ доллары төленген. Екінші тарап 7450 доллар мөлшеріндегі қарыз сомасын қазан айына дейін төлейтін болды.

– Сіз қызмет етіп отырған соттағы көрсеткіш қандай?

– Сот тәжірибесіне жүгінсек, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында биылғы жарты жылдықта бітімгершілік келісімімен 488, медиациямен 373, партисипативтік рәсіммен 2 іс бітті. Бұл көрсеткішті өткен жылдың осы кезеңімен салыстырсақ, айтарлықтай өсу бар, яғни, 2022 жылдың алғашқы алты айында бітімгершілік келісімнің жасалуына байланысты 375 іс тоқтатылып, медиация

тәртібімен 403, партисипативтік рәсіммен 2 іс аяқталды.

– Бітімгершілік институтын дамытуда Жоғарғы Сот іске қосқан пилоттық жобалар өзін-өзі қаншалықты ақтады деп ойлайсыз?

– Ел заңдары жылдан-жылға жетілдірілуде. Соған орай, соттарда дау шешудің баламалы тәсілдері кеңінен қолданылады. Азаматтық процестік кодекстің 17-тарауында көрсетілгендей, азаматтар ортақ мәмілеге татуласу келісімі, дау-жанжалды медиация тәртібімен реттеу және партисипативтік рәсім, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабына сәйкес, сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы келе алады.

Медиацияның қолдану аясын кеңейту мақсатында Жоғарғы Сот тарапынан бірнеше жоба іске қосылды. Соның бірі – «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы. Аталған жобаны іске асыруда еліміздің барлық аумағында соттан тыс татуласу орталықтары ашылды. Оларға медиаторлар, психологтар, конфликтологтар, адвокаттар мен нотариустар тартылды. Судья-татуластырушылардың жұмысы жанданып, тиімділігін дәлелдеді. Сотта ашылған медиация кабинеті әрбір кәсіпкер мен заңды тұлғаның өкіліне медиацияны қолдану бойынша түсініктеме алуға мүмкіндік берді.

Дала данагөйлерінің дау шешудегі дара жолы әр қырынан жаңғыртылып жатыр. Солардың бірі – «Талап арыздың заңға сәйкессіздігін алдын ала түсіндіру» пилоттық жобасы. Медиацияны шартты түрде сотқа дейінгі, соттан тыс, сот сатыларында деп үшке бөліп қарастырамыз. Айтып отырған жоба сотқа дейінгі медиацияны жүйелі түрде дамытуға арналған. Мысалы, АҚШ-та дау-дамайдың 70 пайыздан астамы, Қытайда, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған даулардың 40 пайызы сотқа дейінгі тәртіпте шешіледі екен. Бізге де осы елдер сияқты сотқа дейінгі медиацияны міндеттеу тетігі енгізілсе, бітімгершілік институтының құндылығы одан әрі артар еді. Олай дейтінім, қазақ тарихында даулардың жүз пай-

ызы дана билердің араласуымен оң шешімін тауып отырған.

– «Талап арыздың заңға сәйкессіздігін алдын ала түсіндіру» жобасынан қандай нәтиже күтуге болады?

– Сот жүйесінде жүзеге асырылып жатқан кез келген өзгеріс халық игілігіне бағытталған десек, аталған жобаның да көздегені осы, яғни, сот төрелігіне жүгіну процедура-сын жеңілдету, соттардың талап арыздарды қабылдау кезінде әуре-сарсаңды болдырмау мақсатында іске қосылды. Жоба қайтарылған талаптардың бірнеше рет тіркелуін болдырмауымен, сондай-ақ, сотқа келушілерді азайтып, олардың татуластыру орталықтарына көптеп баруын қамтамасыз етуімен тиімді болмақ.

Бұл туралы қысқаша мағлұмат берсем, жоба шеңберінде төраға маман арқылы келіп түсетін талаптардың мониторингін ұйымдастырады, ал, судья олардың азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкестігін тексереді. Барлығы талапқа сай болса, кеңсе маманына тіркеуге береді. Сай келмесе, талапкерге хабарласып, сәйкессіздіктер, талап арыздың тіркелмеу себебін, сонымен қатар, оны түзетудің жолдарын жан-жақты түсіндіреді.

Судьяның бұлайша халықпен етене жұмыс істеуі сотқа дейінгі медиацияны жандандырып қана қоймайды, сонымен қатар, сотқа деген сенімнің одан әрі нығаюына сеп болады.

Талап арыздың азаматтық заңнама нормаларына сай келуі тіркеуге дейін тексеріліп, кемшіліктерді түзеу тәртібінің түсіндірілуі өз кезегінде талапкердің оны тез арада түзетуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге талап қоюды қайтару немесе қабылдаудан бас тарту туралы сот актісіне дау айту уақытын қысқартып, дауды шешу процесін жеделдетеді. Осы жоба аясында дауды сотқа дейін реттеудің жаңа алгоритмі, нақты айтқанда, «Келіп түскен талап-арыздардың санын азайту жөніндегі жаңа алгоритм» жүзеге асырылады.

Медиация институтының дамуына соттардың қосып жатқан үлесі өлшеусіз. Мы-



Медиаторлармен бірге

салы, Жоғарғы Сот әкімдік, кәсіпкерлер палатасы, кәсіподақ ұйымы, ассамблея өкілдерімен меморандум жасауға бастамашы болып, екі жақты келісімнің нәтижесінде әр өңірде ардагерлер алқасының, Билер кеңесінің құрылуына, мықты медиаторлар шоғырының қалыптасуына ықпал етті.

– Жаңа алгоритмнің талап-тәртібі немесе тиімділігі туралы да айтып өтсеңіз?

– Әрбір сотта келіссөз жүргізуші судья бекітіледі. Фронт офиста келіссөз жүргізуші судья, медиатор, техникалық жұмысшы, сот отырысының хатшысы болады. Судья тіркелгенге дейін барлық талап қоюлар бойынша азаматтық заңнамаға сәйкес, талап қоюшымен келіссөздер жүргізіп, тараптарға екі күн ішінде дауды бейбіт жолмен шешуді ұсынады.

Талапкер келіссе, татуластыру рәсімін жүргізу үшін судья талапты түсініктемесін жазып кейінге қалдырады, татуластыру орталығына жолдайды. Бұған алименттің барлық түрі, қарыз шарттары, сондай-ақ, сақтандыру, ломбардқа қатысты даулар кіреді. Қалған санаттардағы істер тіркелгенге дейін татуласу жолымен шешу өндірісіне қабылданады. Талап-арыз фронт офис арқылы тараптармен келісілген күнді белгілеу және шақыру үшін медиаторға жіберіледі. Екі күн ішінде медиация жүргізіледі, қажет болған жағдайда бұл уақыт бес немесе одан да көп күнге ұзартылуы мүмкін.

Талапкер талап қоюдан бас тартуға келіспеген немесе келіссөздер сәтсіз болған жағдайда екі күн ішінде талап тіркелуге және түсініктеме берілген фронт офис мәліметтерімен толтырылуға жатады. Талап қоюлар тіркелген соң татуластырушы судьяларға бөлінеді. Бұл өз кезегінде сотта тіркелетін істерді азайтып, татуластырушы судьялардың жүктемесін төмендетеді.

– Араздасқандарды татулыққа шақырып, жарастыруда медиаторларға қажетті қандай қасиетті атай аласыз?

– Дау-жанжалды дауласушылардың келісімі арқылы бітіруде тек заңгерлік білім аздық етеді. Тараптармен дұрыс, сауатты түрде сөйлесе білу қашан да маңызды. «Шабыспaq оңай, табыспaq қиын» дейді ғой дана халқымыз, екі жақты ортақ мәмілеге келтіру, олардың арасындағы қарым-қатынасты реттеу оңай емес, жауапкершілігі басым өте қиын іс.

Елімізде «Келісу» кәсіби медиаторлар одағы», «Медиация» біртұтас Медиация және Бітімгершілік Орталығы», кәсіби медиаторлар ұйымдары бар. Оларда мықты медиаторлар жетерлік. Дау-дамайды сотсыз шешу мәдениетін қалыптастыру – үлкен мәселе. Сондықтан, кез келген дауды шешуде тараптардың медиацияға келісуі арадағы келіссөз жүргізушінің, мейлі ол кәсіби немесе кәсіби емес медиатор, татуластырушы судья, адвокат, заңгер болсын, өздерін ұста-

уына, сөз саптауына, жағдайды бейімдеу қабілетіне байланысты. Бұл мәселеде сөздің салмағы үлкен рөл ойнайды. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген аталы сөздің өзі-ақ сөз құдіретін, оның қоғамдағы алатын орнын айрықша көрсетіп отыр. Дауды ортақ келісіммен шешудің екі тарап үшін де пайдалы жақтарын жеткізу және оған сендіре білу маңызды.

– Медиация институтының осы уақытқа дейін толыққанды деңгейде жұмыс істеп кете алмауының себебін немен байланыстырар едіңіз?

– Оның басты себебін насихат жұмыстарының аздығымен байланыстырар едім. Азаматтардың көбісі дауды өзара келісіммен бітіруге болатынын сотқа келгенде бір-ақ біліп жатады. Медиация сөзін естіген күннің өзінде оның мән-мағынасын, қызметін түсінбейтіндер бар. Оны түсіндіру үшін көп жұмыс істеуге тура келеді. Медиаторлар өздерінің қызметі, қоғамда жұмыс істеп жатқаны туралы ақпараттарды жиі шығарса артықтық етпейді.

Егер дау-жанжалға ұрынған адам медиацияның тиімділігін білсе бірден сотқа келмеуі де мүмкін. Дау-дамайды ың-шыңсыз шешкісі келетіндер көп. Сондықтан, медиацияны насихаттауда ауқымды жұмыстар жүргізіліп, заң нормалары үздіксіз түсіндірілуі керек.

«Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз адам қорған емес» демекші, мұндай маңызды жұмыстар бүкіл қоғам болып атсалысуды талап етеді. Жергілікті әкімдіктер, құқық қорғау органдары, білім саласының мамандары, барлығы елімізде дау-дамайды сотсыз шешудің тамаша институты бар екенін БАҚ-тар, интернет желілері арқылы жұртшылыққа жеткізулері тиіс.

Біздің сотта бұл мақсатта ашық есік күндері, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. Соңғы екі-үш күндікте «Атамекен» бизнес құқығын қорғау жөніндегі басқармасының, «Халықаралық медиация орталығының», сондай-ақ, «Халыққа бірыңғай қызмет көр-

сету орталығының» өкілдерінің, Д.Қонаев атындағы Заң колледжі директорының қатысуымен дөңгелек үстел өткіздік. Бұл басқосуда татуластыру рәсімдерін тиімді пайдалану мен талап қоюдағы заңға қайшы тұстарды жою мәселелері талқыланды.

– Медиация рәсімдері қоғамымыздың барлық саласындағы дауларда қолданылуы керек деп ойлайсыз ба?

– Өмірде түрлі түйткілді жағдайлар, дау-жанжалдар орын алады. Сондай кезде оларды байыппен шешудің оңтайлы жолы татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану болып табылады. Мысалы, бүгінде мектеп медиациясын дамытуға көңіл бөлініп жатыр. Оқушылар арасында туындаған проблемаларда баланы сотқа әкеліп, психологиялық жағдайына әсер етпей, бейбіт түрде шешуге болады. Азаматтық-құқықтық, корпоративтік, экономикалық және шаруашылық дауларда медиация рәсімдерін қолдану жемісін беруде. Ұлтаралық және дінаралық дау-жанжалдарды реттеуде де медиацияның берер мүмкіндігі мол. Сондықтан, медиацияны дамыту кезек күттірмейтін мәселе.

– Журнал оқырмандарына айтарыңыз?

– Күлтегін бабамыз айтқандай, «Тату елге – тыныштық пен тоқшылық нәсіп». Кез келген даулы істі өзара келісіммен бітіргенде ғана татулық болады. Медиацияның көздегені де осы мақсат, яғни, татулық, бірлік, бітім. Сондықтан, жұртшылыққа дау шешудің баламалы тәсілдері адам құқықтарының әділ сақталуының кепілі екенін айтқым келеді. Дала заңында дау-жанжалды, түйткілді мәселелерді бейбіт жолмен шешудің механизмі жасалған. Бізге тамырымызда бар жақсы дүниені жаңғырту, бітімгершілік институтына деген оң көзқарасты қалыптастыру маңызды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ

ҰЛТ ЖОСПАРЫ ӨЗІН-ӨЗІ АҚТАУДА

Атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындау институты әлем бойынша өзекті болып табылады, өйткені, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесі атқарушылық актілердің қаншалықты тиімді және уақытылы орындалуына байланысты.

Еліміздің тәуелсіздік алуынан бері сот актілерін орындау институты сонау Кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан жүйе бойынша жұмысын атқарып келді. Заманның жоғары қарқынмен дамуына орай, аталған институттың жұмысын түбегейлі өзгерту туралы мәселе жиі көтеріле бастады, өйткені, пайда болып жатқан азаматтық қарым-қатынас түрлері атқарушылық құжаттардың санын арттыруымен қоса түрлі нормативтік актілердің пайда болуына әкеліп жатыр.

Сот актілерін орындау жүйесін реформалау мәселелері 2000 жылдардың басынан өзекті. 2005 жылы Қазақстан Республикасы судьяларының IV съезінде мемлекетімізде жеке сот орындау институтын енгізу мүмкіндігі мемлекеттік деңгейде алғаш рет талқыланды. Мұнда атқарушылық іс жүргізудің қолданыстағы жүйесін түбегейлі қайта қарау қажеттілігі атап өтілді.

Сот актілерін мәжбүрлеп орындатуда реформалау жолындағы келесі маңызды кезең 2010 жылғы 2 сәуірде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңды (бұдан әрі – «Атқарушылық іс жүргізу туралы» заң) қабылдау болып табылады. Осы заңның жобасын әзірлеуде Әділет

министрлігі жан-жақты зерттеу жасап, үлкен жұмыс атқарғанын атап өткен жөн және бүгінде жеке сот орындаушылар қызметін жақсартуды жалғастыруда.

Уәкілетті орган бірнеше дамыған елдің сот актілерін орындаудағы үлгілерін зерттеп сот актілерін орындау институтының отандық моделін құрудың негізі ретінде қолданылған Францияның үлгісі мен тәжірибесіне ерекше мән берді.

«Атқарушылық іс жүргізу туралы» заңның қабылдануы атқарушылық іс жүргізудің қазіргі заманғы тетігін қалыптастыру жолындағы шешуші қадам болып саналады. Осы заңнамалық актінің аса маңызды новелласы сот актілері мен өзге де органдардың актілерін орындаудың балама тәсілі ретінде жеке сот орындаушылар институтын (бұдан әрі – ЖСО институты) енгізу болды.

Жеке сот орындаушылар институтын одан әрі қалыптастыру мен дамытуға арналған бағыты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары» – 100 нақты қадам бағдарламасында белгіленді, онда 27-қадамда аталған институтты одан әрі дамыту мақсатында сот орындаушылардың мемлекеттік қызметін кезең-кезеңімен қысқарту көзделді.

Осылайша, Ұлт жоспарының саясатын орындау мақсатында жеке сот орындаушылардың санын көбейтуге, олардың өкілеттіктерін кеңейтуге, көптеген рәсімдерді жеңілдетуге және т.б. бағытталған заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар шаралар қабылданды. Мәселен, 2014 жылғы

2016 жылдан
2018 жылға дейінгі 3 жыл
ішінде мемлекеттік сот орындаушыларын кезең-кезеңімен 934-ке қысқарту жүргізілді. Бюджетті үнемдеу 1,8 млрд теңгені құрады.

15 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен тұлғалардың жекелеген санаттары үшін лицензия алу тәртібі оңайлатылды, электрондық лицензиялау енгізілді. Аталған шаралардың арқасында жеке сот орындаушылардың саны күрт өсті. 2016 жылдан 2018 жылға дейінгі 3 жыл ішінде мемлекеттік сот орындаушыларын кезең-кезеңімен 934-ке қысқарту жүргізілді. Бюджетті үнемдеу 1,8 млрд теңгені құрады.

Жеке сот орындаушыларға әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу туралы құжаттарды орындау құқығы мен атқарушы округтен тыс жерде атқарушылық іс-қимылдар жүргізу мүмкіндігі берілді. Олардың мәртебесі қайта қаралды және оның өкілеттіктері едәуір кеңейтілді. Жеке сот орындаушы қызметі орындаудың баламалы тәсілімен танылған норма алынып тасталды, сондай-ақ, атқарушылық құжаттардың жекелеген санаттарына

қатысты жеке сот орындаушының айрықша құзыреті бекітілді.

Жалпы, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындау саласында Әділет министрлігімен жүргізіліп жатқан шараларды талдай отырып, Атқарушылық іс жүргізуді автоматтандыруға, атқарушылық іс-қимылдардың басым көпшілігін электрондық форматқа ауыстыруға бағытталған шараларды атап өту қажет.

Осы тұрғыда 2015 жылы сот орындаушылар жүктемесін азайту және сот орындаушылар мен мемлекеттік органдар, банктер және өзге де ұйымдар арасындағы құжат айналымын қысқарту жолымен атқарушылық іс жүргізу процестерін автоматтандыруға арналған атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – АІЖО ААЖ) құру және енгізу атқарушылық іс жүргізу саласы үшін ерекше маңызға ие. 2017 жыл-

«Атқарушылық іс жүргізу» заңына 2020 жылы енгізілген өзгертулерге сәйкес, істердің әлеуметтік маңызы бар санаттары бойынша шара қолданбағаны үшін бірден лицензияны айыруға алып келуге негіз болатындай жеке сот орындаушының жауапкершілігі күшейтілді.

дан бастап АІЖО ААЖ республикалық жеке сот орындаушылар палатасы Қазақстанда сенімгерлік басқаруға берілген алғашқы жүйе болып табылады.

Соңғы 5 жылда АІЖО ААЖ-да сот орындаушыларының барлық атқарушылық әрекеттері (мүліктің тізім-

демесі мен мөрін қоюды, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті алып қояды қоспағанда) автоматтандырылды. АІЖО ААЖ-ны басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялануы нәтижесінде мүмкін болды.

«Атқарушылық іс жүргізу» заңына 2020 жылы енгізілген өзгертулерге сәйкес, істердің әлеуметтік маңызы бар санаттары бойынша шара қолданбағаны үшін бірден лицензияны айыруға алып келуге негіз болатындай жеке сот орындаушының жауапкершілігі күшейтілді.

Сонымен қатар, қарызын өтеуден жалтарып жүрген борышкерлерді заңмен қаралған жауапкершілікке, әсіресе, қылмыстық жауапкершілікке тартуда органдар үшін туындайтын кедергілерді азайту мақсатында Әділет министрлігі мен Бас прокуратура бірлесіп Жоғарғы Соттың «Сот актілерін орындамағаны үшін жауапкершілік туралы» нормативтік қаулысына 2020 жылғы желтоқсанда өзгерістер енгізілді.

Сотта борышкер актіні орындамайтын «өзге себептерді» қарауға мүмкіндік беретін норма алып тасталып, «актіні орындаудың нақты мүмкін еместігін тудыратын мән-жайлардың» толық тізбесі айқындалды.

Бұдан басқа маңызды түзету борышкерлердің жылжымайтын мүлкін сату бағалаудан 75%-дан төмен емес бағада өткізу талабын атап өтуге болады.

Бүгінгі таңда жеке сот орындаушыларда 500 мыңға жуық баланы асырауға байланысты, 300 мыңға жуық алиментке қатысты істер бар. Егер борышкер алимент төлемесе, сот орындаушы, бұл оның міндеті болмаса да, ең алдымен оған жұмыс тауып беруге тырысады. Мәселен, 2021 жылы сот орындаушылардың күшімен 2 224 алимент төлеуші жұмысқа орналастырылды.

Қазіргі уақытта Республиканың көптеген өңірлерінде тәжірибелі сот орындаушылардың арасынан алимент өндіріп алу бойынша мамандандырылған кеңселер табысты жұмыс істеуде. Жеке сот орындаушылар тәжірибесінде бұрынғы жұбайларды татуластырып, қайта біріктіретін көптеген мысалдар да бар.

Бұған қоса, жеке сот орындаушылар ел экономикасын дамытуға да қатысады. Тек 2021 жылы олар бизнес-құрылымдардың пайдасына 176 млрд теңге өндіріп берді. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылар жұмыс беруші ретінде де әрекет етеді. Ел бойынша жеке сот орындаушылар кеңселерінде 6000-ға жуық жұмысшы жұмыс істейді.

Сондықтан жеке сот орындаушылар институтын құру – мемлекет тарапынан қабылдаған уақытылы және оң шешімдердің бірі.

Әділет министрлігі Республикалық палатамен бірлесіп, институттың дұрыс бағытта дамуын қадағалап сот актілерінің уақытылы әрі тиімді орындалуын және жеке сот орындаушылар қызметін жақсартуда тұрақты жұмыс атқаруда.

Ең бастысы, қоғамда атқарушылық іс жүргізуге әрқашан екі тарап – борышкер мен өндіріп алушы қатысатынын және олардың мүдделерінің теңгерімін сақтау негізгі басымдықтардың бірі болып табылатынын, сонымен бірге актілердің орындалуына барлық органдардың атсалысуы қажет екенін түсіну керек.

Гаухар ДОСЖАНОВА,
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Мәжбүрлеп орындату
департаментінің бас сарапшысы

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ ТЕК ЗАҢҒА БАҒЫНАДЫ

Еліміздің сот, құқық саласында жүргізіліп жатқан оңды реформалар бүгінде өз жемісін беруде. Солардың бірі – жеке сот орындаушылар институты. Бұл институтты Қазақстан ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып енгізді. Қазіргі күні жеке сот орындаушылар жұмысы өзінің тиімділігін толықтай дәлелдеді деуге болады. Сот актілерінің орындалуы сот ісін жүргізудің соңғы сатысы болып есептеледі. Сондықтан соттарға деген халық сенімінің артуын сот актілерінің орындалуынан бөліп қарауға болмайды.



Самат ЖИЛКАЙДАРОВ,
жеке сот орындаушы

Жеке сот орындаушылар атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына уәкілетті орган берген лицензия негізінде әрекет етеді. Олар өзін-өзі қаржыландырады, мемлекеттен немесе бюджеттен қаржы алмайды және өз қызметтерін атқаруда тәуелсіз, тек заңға ғана бағынады. Жеке сот орындаушылар өзі жүргізген атқару істерін атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне тіркеп отырады.

Халыққа түсінікті болу үшін айтып өтсек, атқарушылық іс жүргізуге – атқарушылық іс жүргізудің тараптары, яғни, өндіріп алушы және борышкер, олардың өкілдері және сот орындаушысы, сонымен қатар, атқарушылық құжатта қамтылған талаптарды орындауға жәрдемдесетін өзге де адамдар қатысады.

Жек сот орындаушыларының басты міндеті – сот актілерін орындату. Осы мақсатта олар борышкерден мүліктің немесе қарыздың қайтарылуын талап етіп, қайтарылған құнның заңмен айқындалған пайызын еңбекақы ретінде алады. Сондықтан олар сот шешімдерінің орындалуына мүдделілік танытып, бұл ретте заңмен берілген барлық мүмкіндікті пайдаланады.

«Атқарушылық құжаттары және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 119-бабымен жеке сот орындаушының шығыстарына аванс беру тәртібі

белгіленген. Соған орай, өндіріп алушы өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған шотқа атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы енгізу керек. Бұл әрекет атқарушылық іс жүргізу қозғалғанға дейін жүзеге асырылады.

Егер шоттағы қаражат атқарушылық әрекеттерді одан әрі жүргізу үшін жеткіліксіз болса, онда өндіріп алушы жеке сот орындаушының нұсқауы бойынша көрсетілген ағымдағы шотқа қосымша соманы енгізеді.

Атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыруда қажетті аванстық сомадан босатылу нормалары 119-баптың 2-бөлігімен айқындалған. Олардың қатарында осы іс бойынша заң көмегі тегін және сот шешімі негізінде берілген атқарушылық құжатты орындауға өкілдік берілген, сондай-ақ мемлекеттік баж төлеуден босатылған жеке адамдар, мемлекет пайдасына өндіріп алу бойынша мемлекеттік органдар, т.б. бар.

Алдын ала енгізілген сома борышкерден өндіріп алынған болса, өндіріп алушыға қайтарылады. Жалпы алғанда, аванс беру шарттары жеке сот орындаушы мен өндіріп алушы арасында жасалатын келісімшарт негізінде реттеледі. Айтып өтерлігі, аванстық жарна он бес айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

Ал, жеке сот орындаушысының қызмет ақысы «Атқарушылық құжаттары және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» заңның 120-бабымен реттелген. Сот актісін орындауда жеке сот орындаушының қызмет ақысы, сондай-ақ өзге шығыстар мен аванстық жарналар төленбесе, жеке сот орындаушысы осы заңның 9-бабы 1-тармағының 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген қаулыларды шығарып, оны борышкерге жібереді.

Жеке сот орындаушының қызмет ақысының мөлшерін бекіту не болмаса атқарушылық әрекеттерге жұмсалған шығыстарды өтеу туралы қаулы мен оның қызметін тоқтату жағдайларын қоспағанда, осы қаулыны шығарған жеке сот орындаушысы орындайды. Атқарушылық құжат мәжбүрлі түрде орындалатын жағдайдың өзінде оны орындауға кеткен шығыстар мен жеке сот орындаушысының қызмет ақысына төленетін соманың өтелетіні заңмен ай-

қындалған. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 11-бабы бойынша сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парақтар үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындалатылады. Яғни, атқарушылық өндірісі осы заңның 48-бабы, 2-тармағының талабы негізінде қайтарылса, атқарушылық өндіріс бойынша барлық мәжбүрлеп орындату шараларының күші орындау мерзімі аяқталған уақытта жойылады.

Тағы бір айтып өтерлік жайт, жеке сот орындаушының қатысуынсыз орындалған атқарушылық құжатқа да аталған шығыстар мен қызметақы төленеді. Мұны айтып отырған себебіміз, кей борышкерлер сот шешімін өздері орындағанын алға тартып жатады. Негізінде атқарушылық құжат жеке сот орындаушысының өндірісіне орындалғанға дейін түседі. Оның орындалуы үшін жеке сот орындаушы борышкерге ескертіп, қажетті шараларды қабылдайды. Бұған қоса, аталған заңның 121-бабымен жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасының қайтарылу тәртібі белгіленген.

Егер азаматтар жеке сот орындаушылардың әрекетіне көңілі толмаса немесе әрекетсіздігіне тап болса, сотқа арыздана алады. Мысалы, жеке сот орындаушысының өндіріп алу немесе қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау кезіндегі әрекеттері заңсыз деп сотпен танылса, төлем қайтарылады. Жеке сот орындаушысы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап он күн ішінде негізсіз алынған соманы өндіріп алынған немесе төлеген адамға қайтарады.

Сот актілерінің орындалуы міндетті десек, бұл міндет жеке сот орындаушыларына үлкен жауапкершілік жүктейді. Әрі жұмыстарының қиындығын көрсетеді. Қоғамымыздағы кез келген жаңашылдық адам игілігіне, яғни, азаматтарымыздың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігі үшін жасалады. Жеке сот орындаушылар институты неғұрлым тиімді болған сайын заң үстемдігі берік орнығады.

Ел сенімін ақтау жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар мақсатымыздың айқын, бағытымыздың анық екенін көрсетеді.

Ақтөбе облысы

ҚАДІР-ҚАСИЕТТІ КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Ержан БАЙБОЛОВ,
Еңбекшіқазақ аудандық
№2 сотының төрағасы

Қоғамымыздағы ең басты құндылық адамның өмірі мен бостандығы, сондықтан, адамның құқықтары мен бас бостандығын жоғары деңгейде қамтамасыз етіп, қорғау Конституцияның басты талабы болып саналады. Республикамызда соттың үкімінсіз ешкім де қылмыстық жазаға тартылмайды. Заң сот ісін әділ жүргізу құқығын қамтамасыз етеді.



Барлық айыпталушылар кінәсіздік презумпциясын пайдаланады және өзіне тағылған айыптан заңмен қорғалады. Сот талқылауы ашық түрде өтеді, алайда, мемлекеттік құпияларды, адамның жеке өмірін немесе азаматтың жеке отбасылық мүдделерін қорғау сияқты жағдайларда жабық түрде өтеді.

Халыққа қамауға алу тәртібі, жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу, т.б. хақындағы заң нормаларынан түсіндірме жасауды жөн көріп отырмыз. Қылмыстық іс жүргізуде процеске қатысатын адамның абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен әрекеттерге Қылмыстық процесілік кодекстің (ҚПК) 13-бабымен тыйым салынған. Бұған қоса жеке өмір туралы, сол сияқты жеке сипаттағы құпия мәліметтерді осы кодексте көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді. Осы

баптың екінші бөлігіне сай, адамға қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуге жатады.

Бала асырап алуға қатысты мысал айтсақ, мұндай жағдайда адамның құпиясын жария ету жазасы Қылмыстық кодекстің 138-бабымен дәрежеленеді. Заң талабына орай, бала асырап алу фактісін қызметтік немесе кәсіптік құпия ретінде сақтауға міндетті адамның не өзгелердің теріс пиғылда жария етуі белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айырады. Бұдан өзге заңмен екі жүз АЕК-ке дейін айыппұл, осы мөлшерде түзеу немесе бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, елу тәулікке дейін қамаққа алу жазалары қарастырылған.

Қылмыстық процесілік кодекстің 14-бабына

сай, жеке басқа қолсұғылмайды. Яғни, ҚПК-де белгіленген негіздер мен тәртіпте көзделмесе, ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстауға, күзетпен қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайды. Күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу, тұтқындау шаралары соттың санкциясымен ғана жүзеге асырылады. Оның өзінде адамның сотқа шағым жасау құқығы сақталады. Сондай-ақ, Қылмыстық процестік кодексте тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда адамды соттың санкциясынсыз жетпіс екі, қырық сегіз, ал, кәмелеттік жасқа толмағанды жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Тұтқынға алу сот тарапынан бекітілсе, тергеуші іске қатысты барлық материалды прокурорға жібереді. Ал, прокурор дәлелдермен жіті танысып, оларды 12 сағаттың ішінде сотқа өткізеді. Сот процесі айыпталушы, оның адвокаты және прокурордың қатысуымен өтеді. Егер ұсталған сәттен бастап 48 сағат ішінде тиісті басқармаға соттың қамауға алу шешімі түспесе, айыпталушы дереу босатылады. Бұл туралы іске жауапты тергеуші мен прокурорға хабарланады. Алдын ала қамауға алу мерзімі әртүрлі жағдайда, мысалы, қылмыстық топтар жасаған ауыр немесе террористік, сондай-ақ, есірткі саудасы, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстар және т.б. кезінде 72 сағатқа ұзартылуы мүмкін.

Тағы бір айтып өтерлігі, күзетпен ұсталмаған адамға сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптамалар жүргізу қажеттілігі туса, бірақ, ол бұған қарсы болса, медициналық ұйымға соттың шешімімен мәжбүрлі түрде орналастырылады.

Әрбір ұсталған адамға ұсталу себебі мен қылмыстық заңда көзделген іс-әрекетті жасады деп күдік келтірілгені туралы дереу хабарланады. Бұдан әрі нақтыласақ, адам қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы күдікпен ұсталса, оған қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы қандай күдікпен ұсталғанын айтады. Бұған қоса оның қорғаушы шақыру және үнсіздікті сақтау құқықтарын түсіндіреді. Ұсталған адамның әрбір сөзі сотта өзіне қарсы қолданылуы мүмкін екендігін де ескертеді. Күдіктіге тергеу басталмай тұрып адвокатпен кездесу мүмкіндігі беріледі. Яғни, тұтқынға уақытша ұсталған, қамауға алынған немесе қылмыс жасағандары үшін айыпталған адамдар

ұсталған, қамауға алынған, айыпталған кезден бастап адвокат сұратуға құқылы. Ұсталғандарға отбасы мүшелерімен дереу байланысу мүмкіндігі де қарастырылған.

Егер қылмыстық қудалау органы немесе медициналық ұйым басшысы тарапынан заңсыздық орын алса қамауға алынған адам сотпен босатылады. Қылмыстық процеске қатысушыларды азаптауға, сондай-ақ, қадір-қасиетін қорлауға, басқа жаза түрлерін қолдануға заңмен тыйым салынған. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікке ілінген адамды күзетпен ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс. Қылмыстық процесті жүргізетін орган оған қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, олардың заңды талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

Қылмыстық кодекстің 131-бабында көрсетілгендей, қорлау, яғни, басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіткендерге жүз айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салынады немесе осы мөлшерде түзеу жұмыстарына не жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады. Көпшілік алдында, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл осындай іс-әрекеттерге екі жүз АЕК-ке дейінгі айыппұлға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қолданылады.

Ел заңдары негізсіз қамауға алып, ұстауға, қинауға тыйым салады. Конституцияда ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге болмайтыны нақтыланған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде заң мен тәртіптің қатаң сақталуы қажеттігіне баса назар аударып «Заң үстемдігі болмаса, тұрақтылық та болмайды. Ал тұрақтылық жоқ жерде ешқандай даму да болмайды. Сондықтан, азаматтарымыз заңға бағынуы керек, ал құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуға тиіс» деген болатын. Қауіпсіздік пен тұрақтылық сақталу үшін қоғамдағы кез келген заң бұзушылыққа немқұрайдылық танытпау әрбір азаматтың міндеті.

Алматы облысы

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ!

Өзге өркениетті елдердегідей бүгінгі заман ағымы өмірімізге алқабилер сотын енгізуді талап етті. Елімізде 16 жылдан бері алқабилер жүйесі жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде аталмыш жүйе жетілдіріліп, уақыт ағымына сай толықтырылып келді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 75-бабының 2-бөлігінде, заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылатыны көзделген. Қазір олардың қатысуымен өткізілетін соттар саны артып келеді.



Қ.МЕКЕМТАС,
Астана қаласының қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

Осы орайда айта кетсек, еліміздегі алқабилер соты 2007 жылдың 1 қаңтарынан енгізілді. Бұл – біздің сот жүйесін дамыту бағытында өте маңызды шара. Алқабилер соты қылмыстық процестің негізгі қағидаттарын: тараптардың теңдігі, кінәсіздік презумпциясын және басқа да қағидаттарды бекітуде маңызды рөл атқарады. Қазір алқабилер соты қараған істер бойынша 10 пайызына дейін ақтау үкімін шығарады. Ал жалпы соттарда бұл көрсеткіш 1,5-2 пайызды ғана құрайды. Бұл шын мәнінде жақсы көрсеткіш. Алқабилердің қарауына жататын істер бойынша сотқа дейінгі тергеудің сапасы әлдеқайда жоғары. Тараптар сот талқылауында белсенділік білдіреді. Алқабилердің соты – билік пен халықты жақындастыруды қамтамасыз етіп, қоғамның құқықтық деңгейі мен құқықтық мәдениетін, сондай-ақ сотқа деген сенімді арттыруға ықпал етуде маңызы зор екенін күн сайын сезініп келеміз.

Статистикаға көз салсақ 2007–2009 жылдары алқабилер өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын қылмыстар бойынша істерді қараған. Кейін олар қа-

тысатын істер саны көбейтіле бастады. Мұндай қадам алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің санын арттырды.

2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының шеңберінде алқабилер қарайтын істер санаты кеңейтіліп, аса ауыр қылмыстар қосылып, 14-ке жетті. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заң арқылы алқабилер соты қарайтын істер тағы 16 құрамға көбейтілді. Осылайша биылғы жылдың басынан бастап алқабилер 31 түрлі істі қарайтын болып, олар қатысатын істер саны еселеп артты. Жаңадан ұсынылған заң жобасы аясында алқабилердің құзыретіне тағы 13 ауыр қылмысты қарауға беру көзделген. Бұл құжат 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енебек. Демек алдағы уақытта олар қатысатын істер саны тағы көбеймек. Мұның барлығы халықтың сотқа деген сенімін арттыру, барынша адам құқығын жоғары деңгейде қорғау үшін жасалып жатқан шаралар. Атап айтқанда, Қылмыстық кодексте қарастырылған адамның дене мүшелерін заңсыз алу, азаптау, рейдерлік, медициналық қызметкердің әрекеттерінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелу, ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау секілді қылмыстар алқабилердің қатысуымен өткізіледі деп күтілуде.

Дүниежүзі бойынша АҚШ, Ресей және тағы басқа елдерде сот алқабилерінің классикалық моделіне сәйкес, алқабилер соты бір судья және он екі алқабиден құралады. Ал біздің елімізде 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттарда алқабилердің қатысуымен сот бір судьяның

және он алқабидің құрамында әрекет етеді. Осы орайда атап өтсек алқабилердің маңыздылығы Президент жолдауында да атап өтіліп жатыр. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты жолдауында да алқабилер сотына баса мән беріп алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашу қажеттігі айтылған. «Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз» дей келіп, бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өткен. Демек, алқабилер жүйесінің тынысы ашыла бермек.

Алқабилер сотының ерекшелігі – ол сот төрелігін жүзеге асыруға кәсіби судьямен бірге арнайы құқықтық білімі жоқ, заңда белгіленген шектеулерден өтіп арнайы таңдап алынған қоғам өкілдерінің қатысуы. Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестері, алқабилердің қатысуымен қаралған істер, тәжірибе көрсеткендей өте жоғары деңгейде өтеді. Өйткені, алқаби құрамындағы қарапайым адамдардың көзін жеткізу үшін мемлекеттік айыптаушы мен қорғаушының уәждері мен дәлелдері өте сауатты әрі нанымды болуы қажет.

Алқабилер қарапайым халықтың өкілі. Сондықтан, халық атынан сотқа қатысып отырғандықтан олардың жауапкершіліктері аса жоғары болуы шарт.

Алқабилер соты, соттың әділ өтуіне ықпалын тигізеді, бұл жүйе халықаралық стандарттарға жақын, сотқа қатысушы тұлғалар құқықтық жағынан барынша қорғалады, сотқа деген қоғамның күмәнді көзқарасы өзгереді. Сонымен қатар, бұл жүйе сот жүйесін одан әрі жетілдіре түседі.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ СОТТЫҢ ҚҰЗЫРЫНДА

Сот дәлелдемелерінің ұғымы мен мақсаты сот талқылауы арқылы жүзеге асырылатын істің нақты мән-жайларын анықтау болып табылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде (бұдан әрі – АПК) дәлелдемелер ережесі нақтыланған. Мысалы, дәлелдемелерді ұсынуды және жинауды сот отырысында азаматтық істі қарау кезінде іске қатысушы тараптар мен басқа да тұлғалар жүзеге асырады. Сондай-ақ, бұл ұғымдар аталған кодекстің 68, 202, 213, 216, 217, 420, 421-баптарында қамтылған.

Дәлелдемелерді бағалау соттың құзыретіне жатады (16, 68-баптар), іске қатысушы тұлғалар дәлелдемелерге өзіндік баға бере алады, бірақ, бұл бағалау жеке сипатта болады және ешқандай заңды маңыздылығы жоқ, яғни, іс жүргізу салдарына әкеп соқтырмайды.

Дәлелдеу міндеті бірінші кезекте тараптар мен үшінші тұлғаларға жүктеледі. Тараптар, үшінші тұлғалар, арыз берушілер және іске қатысатын басқа тұлғалар дәлелдемелерді жинауға, ұсынуға және зерттеуге белсенді қатысады. Істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинаудан толығымен босатылды. Сот тараптың уәжді өтінішхаты бойынша оған заңда көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді.

Сот тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар ұсынған не соттың сұрау салуы бойынша мүдделі тұлғалардың өтінішхаттары болған кезде алынған дәлелдемелерді зерттеу және бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырады. Азаматтық іс жүргізу заңнамасының мазмұнынан дәлелдеу субъектілері іске қатысушы тараптар мен өзге де тұлғалар,



М.АҚЫНБЕК,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы

сондай-ақ, сот болып табылатындығы туындайды.

АПК-нің 63-бабында сот дәлелдемелері ұғымы қамтылған, мысалы, іс бойынша дәлелдемелер заңды тәсілмен алынған нақты мәліметтер болып табылады, олардың негізінде заңда көзделген тәртіппен сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың, сондай-ақ, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың болуын немесе болмауын белгілейді. Бұл нақты деректер тараптар мен үшінші тұлғалардың түсіндірмелерімен, куәлардың айғақтарымен, заттай дәлелдемелермен және сарапшылардың қорытындыларымен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

АПК-нің 63-бабының 1-бөлігіне сәйкес, нақты мәліметтер сот дәлелдемелері

Заң сотқа ұсынылған барлық құжатты дәлел ретінде қарастырмайды. Куәнің жалған айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, тараптардың түсіндірмелерін және басқа да жалған материалдарды сот дәлелдемелер қатарынан алып тастайды. Сот дәлелдемелері дегеніміз, бұл іс үшін маңызды жағдайларды дұрыс көрсететін нақты мәліметтер болып саналады.

болып табылады. Нақты мәліметтер деп заңды фактілер және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы мәліметтер түсініледі.

Іске қатысушы тұлғалар ұсынған құжаттарды қабылдай отырып, сот оларда қандай мәліметтер шынайы немесе жалған екенін әлі білмейді. Ұсынылған және жиналған дәлелдемелік құжаттар-

ды сот зерттейді және оны бағалайды. Бірақ, бұл олардың барлығы іс бойынша дәлелдемелердің сапасын алады дегенді білдірмейді.

Соттың міндеті – дәлелдеу құжаттарының қайсысында сот дәлелдемесінің белгілері бар екенін анықтау, сондықтан мұны дәлел ретінде қарастыру қажет. Сот дәлелдеу күшіне ие құжаттарды іріктеу мақсатында дәлелдеу құжаттарын зерттеп, бағалайды. Сот дәлелдемелерді олардың ақиқаты тұрғысынан бағалайды, өйткені дәлелдеу іс бойынша сенімді фактілерді анықтауға бағытталған. Заң сотқа ұсынылған барлық құжатты дәлел ретінде қарастырмайды. Куәнің жалған айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, тараптардың түсіндірмелерін және басқа да жалған материалдарды сот дәлелдемелер қатарынан алып тастайды. Сот дәлелдемелері дегеніміз, бұл іс үшін маңызды жағдайларды дұрыс көрсететін нақты мәліметтер болып саналады.

АПК-нің 63-бабын талдау дәлелдемелер тек осындай нақты мәліметтер болып табылатындығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, заңды түрде алынған, екіншіден, олар іске қатысты, үшіншіден, заңда көзделген тәсілдермен белгіленген.

Конституцияның 77-бабына сәйкес, заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ екендігі көзделген. Заңды бұза отырып алынған дәлелдемелер заңды күші жоқ деп танылады және сот шешімінің негізіне алынбайды, сондай-ақ, іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдаланылмайды.

АПК-нің 66-бабында дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты мәліметтер көрсетілген. Егер фактілер туралы мәліметтер заң талаптарын бұза отырып алынса, іске қатысатын адамдардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу арқылы

алынған фактілер туралы мәліметтердің анықтығына ықпал еткен немесе ықпал ете алатын дәлелдемелер ретінде сот жарамсыз деп таниды. Бұдан басқа, істі сот талқылауына дайындау кезінде немесе істі сот талқылауында нақты мәліметтердің дұрыстығына әсер еткен немесе әсер еткен азаматтық процестің өзге де қағидаларын бұза отырып алынған нақты мәліметтер дәлелдемелер деп танылмайды.

Атап айтқанда, алынған нақты мәліметтер дәлел болып саналмайды. Олар зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы, іске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы, осы азаматтық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ тұлғаның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты, қарсылық білдірілуге жататын тұлғаның процестік әрекетке қатысуына байланысты, процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы, дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылым-білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы, тараптың немесе іске қатысатын басқа да тұлғалардың дәлелдерін негіздеу немесе теріске шығару мақсатында мазмұнын арнайы дайындау немесе өзгерту арқылы алынған фактілер.

Іс бойынша іс жүргізу кезінде нақты мәліметтерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол бермеуді, сондай-ақ, оларды шектеулі пайдалану мүмкіндігін сот өз бастамасы немесе іске қатысушы тұлғалардың өтінішхаты бойынша белгілейді.

Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен алынған нақты мәліметтер тиісті бұзушылықтар фактісінің және оларға жол берген тұлғалардың кінәсінің дәлелі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

«Соттардың азаматтық процестік заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, сот істі сот талқылауына дайындау кезінде, сондай-ақ, істі мәні бойынша нақты қарау барысында да нені дәлелдеу қажеттігін айқындап алуы керек.

АПК-нің 63-73-баптарына сай, соттар сот отырысында даудың нысанасына тікелей қатысы бар және өз жиынтығында істің мән-жайларын анықтау, даудың мәні бойынша тараптардың дәлелдерін растау немесе теріске шығару үшін жеткілікті болып табылатын дәлелдемелер ғана зерттелуге тиіс екенін есте ұстауы қажет. Істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуы тиіс мән-жайлары (мысалы, мәміленің елеулі талаптары бойынша дау туындаса, шарт) басқа ешқандай дәлелдемелермен расталмайды.

Дәлелдемелерді бағалау деп істің барлық нақты мән-жайларын анықтауға және оны дұрыс шешуге мүмкіндік беретін дәлелдемелердің қатыстылығын, жол берілуін, дұрыстығын және жеткіліктілігін айқындау деп түсініледі. Дәлелдемелердің қатыстылығы мен рұқсат етілуін сот іс жүргізу және материалдық құқық нормаларына сәйкес белгілейді.

Дәлелдердің дұрыстығы оның берген мәліметтері шындыққа сай келетінін білдіреді, егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме анық деп есептеледі. Анықтылық, ең алдымен, мәліметтер алынған дереккөздің, сондай-ақ, дәлелдемелерді алу (қалыптастыру) процесінің шынайылығымен белгіленеді.

Дәлелдемелердің қатыстылығы қағидасы АПК-нің 64-бабында айқындалады: «Егер дәлелдемеде іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын

не оларға күмән келтіретін фактілер туралы мәліметтер болса, сот дәлелдемені іске қатысты деп таниды». Дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені шешкен кезде сот қажетті фактілер шеңберінен шығады, яғни, дәлелдемелердің қатыстылығы дәлелдеу тақырыбымен анықталады. Егер іс бойынша нақты мәліметтер мен заңды факт пен өзге де мән-жайлар арасында байланыс болса, онда дәлелдемені сот іске қатысты деп таниды. Мұндай байланыс болмаса, ода сотқа ұсынылған дәлелдеме материалы іске қатысы жоқ деп есептеледі.

Осылайша, дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселе, ең алдымен, материалдық құқық нормаларына сәйкес шешіледі, өйткені, оларда фактілер бекітіліп, осы фактілер заңды мәнге ие болады.

Дәлелдемелер ретінде ұсынылған материалдар мен мәліметтер іске қатыстылығы туралы мәселені дұрыс шешу іс бойынша барлық мән-жайларды күш пен тәсілдің ең аз шығынмен дұрыс анықтауын қамтамасыз етеді.

Дәлелдемелердің жарамдылығы АПК-нің 65-бабының 3-бөлігінде: «Істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес», – деп қарастырылған. Жеке дәлелдемелердің қатыстылығының нақты ережелері материалдық құқық нормаларында қамтылған. Мысалы, азаматтық заң кейбір мәмілелерді қарапайым жазбаша түрде жасау міндеттілігін көздейді және бұл нысанды бұзу дау туындаған жағдайда мәмілені жасау фактісін, оның мазмұнын немесе айғақтардың орындалуын растау құқығынан айыратынын көрсетеді (АК 153-бабының 1-тармағы).

Нотариаттық куәландыруға жататын мәмілені жасау фактісі тек нотариалдық ресімделген құжатпен расталуы

мүмкін. Егер мұндай мәміле нотариалды ресімделмегенімен, бірақ, тараптардың немесе олардың бірінің толық немесе ішінара орындалғанына қарамастан, заңнамаға қайшы келмесе және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбаса да, ол куәлардың айғақтарынан басқа, АПК-нің 63-бабының 2-бөлігінде көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасай отырып, сот тарапынан жарамды деп танылуы мүмкін.

Сот дәлелдемелерін бағалаудың негізінде соттың ішкі сенімімен жүргізіледі. Ол соттың істің барлық мән-жайларын анықтау нәтижесінде біртіндеп қалыптасады және заңда белгіленген іс жүргізу нысандарында тіркеледі. Дәлелдемелерді бағалау есепсіз және интуитивті болмау тиіс, ол дәлелді болуы керек және бағалау себептері жазбаша құжатта – сот шешімінде көрінуі керек. Мысалы, дәлелдемені оның анықтылығына байланысты қабылдамай, сот осы мәселе бойынша өз пікірін түсіндіруге міндетті. Әйтпесе, іске қатысатын тұлғалар, сондай-ақ жоғары тұрған сот қандай негіздер бойынша сот кейбір дәлелдемелерді қабылдағанын және басқаларын қабылдамағанын біле алмайды.

Дәлелдемелерді бағалаудағы соттың еркіндігі және оның факт пен құқық мәселелерін шешудегі тәуелсіздігі мынадай іс жүргізу ережесімен қамтамасыз етіледі. Мәселен, сот үшін ешқандай дәлелдеме алдын ала белгілі мәнге ие болмайды. Кез келген дәлелдеме оның сыртқы беделіне немесе беделсіздігіне қарамастан, егер дәлелдеменің объективті мазмұны істің нақты мән-жайларына сәйкес келсе, сот оны қабылдау немесе қабылдамауы мүмкін. Тіпті, сарапшының пікірі сот үшін міндетті емес және ол барлық дәлелдемелерді бағалаудың жалпы ережелеріне сәйкес бағаланады.

Қызылорда облысы

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЗАҢГЕР КӨМЕГІН АЛУДЫ ЖЫЛДАМДАТТЫ

ҚР Конституциясының 13-бабы 3-тармағына сәйкес, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Динара САРСЕБЕКОВА,
Қостанай облысы Әділет
департаменті басшысының
орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Заң көмегін алу қажеттілігі үнемі және барлық жерде туындайды. Белгілі бір құқықтық нормаларды білу және қолдану қажет болмайтын өмір саласы іс жүзінде жоқ. Бұл жұмыс немесе оқу, тауарларды сатып алу немесе сату, қызметтерді алу, мемлекеттік немесе басқа органдарға жүгіну қажеттілігі, қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу, Парламентке сайлау, мемлекеттік зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар алу, т.б. мұның бәрі заңгердің білікті көмегін қажет етуі мүмкін.

Осыған байланысты 2018 жылы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» жаңа заң қабылданды, оның негізгі бағыттарының бірі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ, білікті заң көмегін алуға байланысты институттарды жетілдіру. Заңның ережелері, ең алдымен, заң қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ, осы нарықта бәсекелестік құруға бағытталған.

Халықтың адвокаттық көмекке деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында мамандыққа кіру жеңілдетілді. Осылайша, адвокаттар санын көбейту мақсатында заңда адвокаттар алқасына кіру жарналарына тыйым салу көзделген.

Бұл ретте нысаналы және мүшелік жарналарды жинау мүмкіндігі сақталады. Сонымен қатар, әділ баға белгілеу үшін заңда көрсетілген



заң көмегі үшін тарифтік торды бекіту туралы талап белгіленді, бұл істің күрделілігіне байланысты заң көмегі үшін төлем сомасын саралауға мүмкіндік берді. Тарифтік тор заң талаптарына сәйкес палаталар мен адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында еркін қолжетімділікте орналастырылады.

Бұдан басқа, заңмен 2022 жылғы тамызда құқықтық кеңес беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар адамдар тобы кеңейтілді.

Мұндай көмек бүгінгі күні азаматтардың мынадай санаттарына республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттың қызметі тегін көрсетіледі:

1) алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға;

2) жыныстық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не осы мәртебеге немесе жағдайға байланысты олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша азаптауға ұшырағандарға;

3) асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

4) жеке тұлғаларға жұмысқа байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар болып табылатын жеке тұлғаларға, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға, сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдар ардагерлеріне, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жасына байланысты зейнеткерлерге, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес мәселелер бойынша;

6) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көп балалы отбасыларға;

7) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен бір айда жан басына шаққандағы орташа табысы бар аз қамтылған адамдарға (отбасыларға).

Егер қылмыстық процеске қатысушыларға тегін адвокат құқығы туралы көптеген адамдар естіген болса, онда мұндай адвокаттың сот ісін жүргізудің басқа түрлеріне қатысу мүмкіндігі туралы аз адамдар біледі. Мәселен, әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға, азаматтық процесте талапкерге немесе жауапкерге, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізуде талапкерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттарда, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда мүдделерді қорғау және өкілдік ету түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегі де берілуі мүмкін:

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж адамның мүддесі үшін мұндай көмек

көрсету туралы өтінішпен оның өкілі заңдарда белгіленген тәртіппен жүгіне алады.

2022 жылғы тамызда Мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесіне заң консультанттары да кіреді, олар өтеусіз негізде құқықтық кеңес беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсете алады және азаматтық сот ісін жүргізуге қатыса алады.

Бүгінгі таңда 130 адвокат пен заң консультанттары облыс бойынша тегін заң көмегін көрсетеді, олардың тізімімен Қостанай облысы Әділет департаментінің ресми сайтында танысуға болады.

Заң саласында цифрлық технологияларды енгізу мемлекет кепілдік берген заң көмегі бойынша адвокатты тағайындау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, егер бұрын кезекші адвокатты тағайындау үшін құқық қорғау органының қызметкеріне қағаз жеткізгіште қаулы шығару, оны адвокат ұсынған адвокаттар алқасына жеткізуді қамтамасыз ету қажет болса, қазір тергеуші өзінің жұмыс орнынан адвокаттың қатысу қажеттілігі туралы хабарламаны ақпараттық жүйеге жібереді, онда кезекшілік кестесінде бекітілген адвокат мобильді қосымша арқылы қатысуға тағайындауды растайды (қабылдайды). Осылайша, тағайындау процесі бес минуттық жұмыс деңгейін құрайды.

Сондай-ақ, заң көмегін көрсету бойынша қабылданған тапсырма шеңберінде адвокат немесе заң консультанты қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды жинау процесін жеделдету үшін «Е-Заң көмек» АЖ Әділет министрлігінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды іске асырды. Атап айтқанда, бүгінгі күні адвокат жылжымайтын мүліктің құқықтық кадастрынан, АХАЖ ақпараттық жүйелерінен және заңды тұлғалардан мәліметтер ала алады. Адвокат сұраған ақпаратты беру уақыты екі-бес минутты құрайды, ал қағаз жеткізгіштегі адвокаттық сұрау арқылы ақпарат алу уақыты он жұмыс күнін құрайды.

Жақын арада Ұлттық Банктің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Бас прокуратура мен соттардың құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жоспарлануда.

Заң қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту жөніндегі жұмыс әділет органдарының құқықтық мемлекет құрудағы басым міндеті.

СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ҚАҒИДАТЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Қылмыстық іс жүргізу құқығы қылмыстық құқықпен тығыз байланысты. Қылмыстық іс жүргізу құқығы – бұл қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібін бекітетін және қылмыстық істерді қозғау, тергеу, сотта қарау бойынша анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура мен сот үкімінің орындалуы мен іс жүргізу мәселелерін реттейтін құқықтық нормалар жүйесі.



Жұлдыз ЖӘКЕЕВА,
Қызылорда қаласының
№2 сотының судьясы

Қылмыстық процесс – алдын ала тергеу, прокурор, судья және сот органдарының заңмен реттелген қызметі. Ол қылмыстар туралы өтініштерді (хабарларды) алдын ала тексеру, қылмыстық істерді тергеу, қарау және шешу, үкімнің орындалуы бойынша қызметтер болып табылады.

Қылмыстық процестік құқық туралы сөз еткенімізде оның басты екі мақсатын атап өткен жөн. Олар тікелей және жалпы мақсат болып бөлінеді. Біріншісі – тікелей, әрбір қылмыс жасаған адам әділ жазаға тартылуы тиіс немесе әрбір кінәсіз адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы қажет. Ал, жалпыға

заңдылықты нығайту; қылмыстардың алдын алу және жою азаматтарды құқықтық және адамгершілікке тәрбиелеу жатады.

Қылмыстық процестің міндеттеріне қылмыстарды тез арада және толықтай ашу, кінәлілерді табу, заңдарды дұрыс қолдану кіреді. Қылмыстық іс жүргізуде өзіндік қағидалар қалыптасқан. Оған заңдылық, жариялылығы, судьялардың тәуелсіз болуы және олардың тек заңға бағынуы, азаматтардың заң және сот алдында тең дәрежеде болуы жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 8-бабында қылмыстық процестің міндеттері – қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды, сондай-ақ, мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау болып табылады.

Осы жерде сот талқылауының мәнін негізгі принциптерін ашып қарасақ, Қылмыстық процестік кодексте басты сот талқылауы – бірінші сатыдағы соттың қылмыстық істі мәні бойынша қарауы деп көрсетілген. Егер қылмыстық істе алдын ала тыңдау тағайындау мәселелері туындаса судья алдын ала тыңдау тағайындап, оның нәтижелері туралы істі соттылығы бойынша прокурорға жіберуге, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға, істі тоқтатуға негіздер болмаған кезде басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады.

Жалпы алғанда, қаулыда сотталушы болып табылатын адамды, сотқа берілген қылмыстық заңды дәл көрсету, бұлтартпау шарасы мен азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету шараларын

сақтау, олардың күшін жою, өзгерту немесе таңдау және ықтимал тәркілеу туралы, процеске қатысушылардың қарсылық білдірулері, өтінішхаттары мен өзге де мәлімдемелері, айыпталушының таңдаған адамын қорғаушы ретінде жіберу немесе алдыңғысына қорғаушы тағайындау, заң сотталушының ісін сырттай қарауға жол беретін жағдайда істі оның қатысуынсыз тыңдау, істі жалпы немесе қысқартылған тәртіппен, ашық немесе жабық сот отырысында қарау, сот ісін жүргізу тілі, запастағы судья туралы шешім, сотқа шақырылатын адамдар тізбесі, басты сот талқылауының орны мен уақыты туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Сот талқылауында іс бойынша барлық дәлелдемелер тікелей зерттелуге жатады. Сот Қылмыстық процестік кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, сотталушының, жәбірленушінің, куәлардың айғақтарын тыңдауға, сарапшылардың қорытындыларын жария етуге және зерттеуге, заттай дәлелдемелерді қарап-тексеруге, хаттамалар мен өзге де құжаттарды жария етуге, дәлелдемелерді зерттеу бойынша басқа да сот әрекеттерін жүргізуге тиіс.

Сот талқылауының негізгі принциптерінің бірі – сот құрамының өзгертілмеуі. Яғни, істі тек бір ғана сол судья қарауға тиіс. Егер судьяның сот талқылауына қатысуды жалғастыруына мүмкіндігі болмаса ол басқа судьямен ауыстырылады және сот талқылауы басынан қайта басталады. Сот талқылауы ұзақ уақытты қажет ететін жағдайларда істі қарау кезінде запастағы судья тағайындалуы мүмкін.

Запастағы судья басты сот талқылауында сот отырысы ашылғаннан немесе сот оның қатысуы туралы шешім қабылдаған кезден бастап қатысады және судья шығып қалған жағдайда оны

алмастырады. Бұл ретте істі талқылау жалғастырыла береді.

Қылмыстық процестік кодекстің талаптарына сай, басты сот талқылауына сотталушы, қорғаушы, мемлекеттік айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер қатысады. Басты сот талқылауына қатысушылардың өзіндік құқықтары мен міндеттері кодексте анық көрсетілген.

Қылмыстық теріс қылық не онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасады деп сотталушы, айыпталушы істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген, сотталушы республи-

Сот залында фотосуретке түсіруге, дыбыс-бейнежазуды қолдануға және киноға түсіруге процеске қатысушылардың келісімімен және төрағалық етушінің рұқсатымен жол беріледі. Осы әрекеттер сот талқылауының қалыпты барысына кедергі келтірмеуге тиіс.

ка аумағынан тыс жерде болған және сотқа келуден жалтарған, сондай-ақ, күзетпен ұсталып отырған сотталушы сот отырысына келуден және қатысудан бас тартқан жағдайлардан басқа кезде басты сот талқылауы міндетті түрде сотталушының қатысуымен өтеді. Оның мәні сот талқылауын ашық әрі әділ түрде жүргізу, сотталушының құқықтарын бұзбау болып табылады. Егер сотталушы сот талқылауына келмесе, онда іс кейінге қалдырылады. Сонымен қатар, сот дәлелді себептерсіз келмеген сотталушыны күштеп әкелуге, сол сияқты оған қатысты бұлтартпау шарасын қолдануға немесе өзгертуге құқылы.

Сотталушының қорғаушысы сотқа келмеген және оны осы сот отырысында алмастыру мүмкін болмаған кезде де істі талқылау кейінге қалдырылады. Сот отырысына келмеген қорғаушыны алмастыруға сотталушының келісімімен ғана жол беріледі.

Жекеше айыптау істерін қоспағанда, барлық қылмыстық істерге басты сот талқылауына мемлекеттік айыптаушы ретінде прокурордың қатысуы міндетті. Басты сот талқылауының негізгі принциптерінің бірі – сотталушыға қатысты және оның сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізілуі. Бұл жерде негізгі қағида істердің бұрмаланбауы, нақты мән-жайлар шегінде қарау екенін ескере кету керек. Егер айыптауды өзгерту айыпталушының қорғалу құқығын бұзбаса, айыптауды өзгертуге жол беріледі.

Басты сот талқылауы кезінде сот сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдауға, өзгертуге, оның күшін жоюға немесе оны ұзартуға құқылы. Ескере кететін жай – сотталушыны бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау мерзімі іс сотқа келіп түскен күннен бастап және үкім шығарылғанға дейін алты айдан аспауға тиіс.

Ал, ауыр қылмыстар туралы істер бойынша сот күзетпен ұстау мерзімін он екі айға дейін, аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша он сегіз айға дейін ұзартуға құқылы.

Енді басты сот талқылаудағы процестік жағдайларға көшсек, сот талқылауы соттың қалыпты жұмысын және процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда сот залында өтеді. Сотқа қатысушылардың өтініші бойынша немесе сотқа келу мүмкін болмаған жағдайда басты сот талқылауы бейнеконференциялық байланыс режимінде онлайн тәртіпте өтуі мүмкін.

Бұл жердегі негізгі қағидалардың бірі

– сот талқылауына қатысушылардың бәрі сотқа қарап сөйлегенде, айғақтар бергенде және мәлімдеме жасағанда орындарынан тұрады. Бұл қағидалардан ауытқуға (қатысушының денсаулық немесе басқа да жағдайына орай) төрағалық етушінің рұқсатымен жол беріледі.

Сот залына он алты жасқа дейінгі және масаң күйдегі адамдар жіберілмейді. Егер он алты жасқа дейінгі адам тарап немесе куә болып табылған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Сот залында фотосуретке түсіруге, дыбыс-бейнежазуды қолдануға және киноға түсіруге процеске қатысушылардың келісімімен және төрағалық етушінің рұқсатымен жол беріледі. Осы әрекеттер сот талқылауының қалыпты барысына кедергі келтірмеуге тиіс.

Сот талқылауы кезінде және басқа процесік кезеңдерде адам сот отырысында жалпы тәртіпке бағынуы тиіс. Тәртіпті бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сол сияқты сотты құрметтеуді анық куәландыратын өзге де әрекеттер жасаған кезде (әрекетсіздік кезінде) төрағалық етуші оны сот отырысы залынан шығарып жіберуге немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, сотты құрметтеу фактісінің анықталғаны туралы жариялауға және кінәлі адамға осы ҚПК-ның 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Бұл жерде ақшалай өндіріп алуды сотталушыға және оның қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына қолдануға болмайтынын есте ұстаған жөн.

Қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылау сатысының дұрыс жүзеге асырылуы ең біріншіден, сот процесін жүргізуші органдардың атқаратын қызметінің заңға сәйкес, қатаң түрде жүргізілгеніне тіке-

лей байланысты болады. Қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылауы барысында маңызды мәселелер шешіледі. Нақ осы сатыда сот өндірісін жүргізуші органдардан басқа, сот мәжілісіне қатысушы тұлғалар мен тараптардан жауап алынып, істің мән-жайын толығымен ашады. Сотталушы тұлғаның жеке басын анықтап, оған ақтау немесе айыптау үкімін шығару туралы мәселелерге байланысты сұрақтар, басты сот талқылау сатысында өз шешімін табады. Қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылауының маңызы алдын ала тергеу кезінде анықталған қылмыстық істердің мән-мағынасын ашып, ол бойынша баға беру болып табылады. Яғни, бұл жерде сот ісін жүргізуші тұлғалардың алатын орны орасан зор. Мысалы, прокурор мемлекет атынан азаматтардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаса, қорғаушы өзінің қорғауындағы тарапты қорғап, соттың әділ де дұрыс үкім шығаруына ықпал етіп отырады.

Сонымен, басты сот талқылауы ортаңғы, негізгі, шешуші сатысы болып табылады. Өйткені, осы сатыда ғана қылмыс жасады деп айыпталған тұлғаның кінәсі дәлелденіп немесе кінәсіздігі анықталып, қылмыстық іс мәні бойынша қаралады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылау сатысының теориялық-тәжірибелік, оқу-әдістемелік, ғылыми түрде жүргізілген зерттеулерді ескере отырып, қылмыстық істер бойынша басты сот талқылауының мемлекет пен қоғам үшін атқаратын қызметінің маңыздылығына, сапасына жан-жақты зерттеу жүргізіліп, тақырыптың мәні толық негізде ашылды деген ойға келуге болады.

ҰЖЫМ БІРЛІГІ – ӨНІМДІ ЕҢБЕК КЕПІЛІ



Батыс қазақстан облысы, Жәнібек аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары, полиция майоры Ренат Рахимовпен жұмыс орнында келісілген уақытта кездесіп, сұхбат құруға уағдаластық. Шалт қимылды, әр сөзін қадап сөйлеп, орнықты пікірін айтуымен ерекшеленіп тұратын жігерлі жігіттің жол сілтеуімен аудандық полиция бөліміндегі жұмыс бөлмелерін араладық. Тынымсыз жұмыс, сансыз қоңырау, бөлмесіне қызмет барысында кеңес алып, құжаттарға қол қойдыру мақсатымен келген әріптестері, соған қарамай Ренат Рафаэльұлы бізбен әңгімелесуге уақыт бөлді.

– «Бірлік қайда барасың, ынтымағы жарасқан елге барамын» деген қағиданы ұстану – елін сүйетін, тірлікте бірлікті бағалайтын, тыныштық пен достықты тіршіліктің тірегі деп ұғынатын адамзатқа тән құндылық болса керек, – деп Ренат Рафаэльұлы әңгімесін әріден бастады. Жүз отыздан астам ұлт пен ұлыс мекендеген туған елімізде өмір сүріп жатқан халықтың тату-тәтті тірлігін дәріптеу, тарихын таразылап, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын насихаттау, мәдениетін өркендету – мемлекетіміздің саяси тұғыры екендігі белгілі. Ауызбіршіліктен айнымайтын, ақжүрек қазақ халқының қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналып отырғаны да бірліктің арқасы.

Өзім өскен, бірнеше ұлттың өкілі тұратын ауылымыздың тұрғындары тонның ішкі бауындай араласып, соғымнан сыбаға жеп, Наурыз, Рождество, Пасха мейрамдарында

қонаққа шақырысып, Көрісу айт кезінде де құшақтаса амандасып, арқа-жарқа болып қалушы едік. Қазақ жерінің ұшы-қиыры жоқ даласы қандай кең болса, халқының да пейілі соншама жомарт екенін айтудан ешқашан жалықпаймын.

1987 жылы 25 маусымда Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында дүниеге келдім. Әкем Рафаэль Рахимовтың мамандығы жүргізуші болса, анам Фарида Ғалымжанқызы ұзақ жылдар медбике болып абыройлы еңбек етті. 1990 жылдардың «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, елдің тұрмыс-тіршілігіне ауыртпалық түскен уақытта ата-анам қаладан Теректі ауданына қарасты Шағатай ауылдық округінің Плантация елді мекеніне (бұрынғы Чапаев асыл тұқымды мал зауыты кеңшары) қоныс аударды. Жалғыз бауырым Раниль екеуіміз Шағатай ауылында тұратын

әкемнің анасы Гүлшат әжем мен оның анасы Гүлсім әжемнің қолында тұрып, орта мектепте оқыдық.

Тұла бойларында адалдық пен имандылық тұнып тұрған қос әжем бауырым екеумізді тума-туыспен араласуға, көпшіл болып, қайырымдылық жасауға, жат әдеттерден аулақ болуға баулып, бала кезімізден ертегі мен тәрбиеге толы әңгімелерді шертуші еді. Жасөспірім, өтпелі кезеңімізде шылым мен ішімдіктен, жат әдеттен аулақ болуымызға да әжелеріміздің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз болатын. Әжемді сағынған кезімде орыстың көрнекті жазушысы К.Паустовскийдің ертегінің бала тәрбиесіндегі рөлін айта келіп, «Если бы маленький Александр слушал в детстве не сказки Арины Родионовны, а современные ВИА, то из него вырос бы не Пушкин, а Дантес», – деп дәл бейнелеген сөзі есіме бірден оралады. Сүйегі асыл Гүлсім әжем тоқсан бес жасқа келгенше көзәйнексіз көрпе-төсек тігіп, жүн түтіп, үйдің тірлігінен қол үзбей еңбек етудің үлгісін бізге жарқырата көрсетті.

1994 жылы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектептің орыс сыныбына бардым. Інім Раниль екеуміздің арамыз екі жас болса да, бір сыныпта оқыдық. Артық сөйлемей-ақ, қабағымен қағып, айбарымен ықтырып, бізге білім мен тәрбиені тел еккен сынып жетекшім Асқар Ілиясов, тарих пәнінің тылсым сырына бойлатқан Қарлығаш Салықова, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Нұржан Орынғалиұлы мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген Сайын Ғұбашұлындай парасат пайымы биік, білімі терең ұстаздарымның есімі өз күнінде төрде болса, келер ұрпаққа да кемел өнегесімен үлгілі, қадірлі деп айтар едім.

Өзімнің ұлтым татар болғандықтан, мені қазақ тілінің уызына тойдырып, нәрімен суындатқан өнегелі жан Сайын Ғұбашұлындай білікті ұстаздың мектептің ұстынды алтын қазығы, сарқылмас қазынасы, мақтанышы екеніне ешкім дау айта алмас, сірә?! Ер азаматқа тән қасиетімен мені тәрбиелеген әкем мен ұстаздарымның бойындағы биік парасаттың әсерінен болар, жеткіншек

кезімнен әскери әлде полиция қызметкері болуды армандайтынмын.

Қазақы ғұрыпты ұстанатын отбасында әкенің айтқаны бұлжымас заң екені ақиқат қой, әкем менің әскери мамандықты таңдауыма үзілді-кесілді қарсы болғандықтан, 2005 жылы Жәңгір хан атындағы БҚМУ-дың қаржы факультетіне ақылы оқуға түстім. Не де болса, әскери қызметкер болмағанымды қалаған әкем оқуымның ақысын өзі төлеп тұрды. Оқуды аяқтасымен әскер қатарына алынып, Оралдан кеткен 22 жігіттің ішінен 10 жігіт іріктеуден өтіп, Президенттік Ұлттық Ұланға қарасты №0111 әскери бөлімінде бір жыл көздеуші әскер болып, азаматтық борышымды өтедім.

Әскерден келгенімде, жоғары оқу орнында алған қаржы саласына қатысты мамандығым бойынша жұмыс таба алмадым. Нақ сол жылдары банк саласында жаппай қысқартулар жүріп жатқан болатын. Бұл мезгілде облыстық полиция департаментіне түйіндемеңді тапсырып қойған болатынмын. 2011 жылдың 11 шілдесі күні Орал қаласындағы патрульдік полиция батальонына кіші сержант шенімен қатардағы тәртіп сақшысы болып қызметке кірісіп, Атырау қаласында машықгерлік тағылымдамадан өттім. Еңбек ете жүріп, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын заңгер мамандығы бойынша тәмамдадым.

2012–2013 жылдары Теректі аудандық ішкі істер бөлімінің Ақжайық полиция бөлімі Шағатай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы Арман Қажымовтың көмекшісі болып еңбек етіп, тәжірибе жинақтай бастадым. 2013–2021 жылдары өзім тәлім-тәрбие алған Шағатай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарып, «Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық» деген ұранды өмірлік өлшемге айналдырған жерлестерімнің қолдауымен бір қолдың саласындай, бір атаның баласындай болып ауызбіршілікпен тіл табысып, жүктелген міндеттер мен өзімнің лауазымдық құзыретім шеңберінде қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, заңды және жеке

тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға жәрдемдесу, қылмыс немесе құқық бұзушылықтар жасауы мүмкін адамдарды анықтау және оларға қатысты алдын алу жұмысын жүзеге асыру, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында еңбек еттім.

Еңбек демалысына кеткен мезгілімде орыныма қалған әріптесіме тұрғындар тарапынан ешқандай құқықбұзушылық туралы арыз-шағым түспейді екен. Мен демалыстан шыққанымда кабинетімде «Сіздің демалыстан келгеніңізді күттік» деп шағым айтушы жерлестерімнің қарасы көбейетін. Ешқашан өзіме сенген жандардың сеніміне селкеу түсірмеуге тырыстым. Адами абзал қасиеті жоғары, біліктілігі биік, еңбекқорлығымен бәрімізге үлгі болған Шағатай ауылдық округінің әкімі Рүстем Мүтиевтің қолдауымен жиһазбен қамтылған, ғаламтор желісіне қосылып, жабдықталған жеке кабинетім болды. Жұмысымның табысты болуы, қолжетімділікке негізделген қарым-қатынаспен абыройлы қызмет атқарған кезімде ауыл әкімінің қолдауы ерекше болғанын ризашылықпен еске аламын.

Полиция подполковнигі Асқар Әбдірахманов, Теректі аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Рауан Мусин, Ақжайық полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Әбділмәлік Амитов, Теректі аудандық полиция бөлімінің Ақжайық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Ақсоғым ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Қайсар Есентаев, Аңқаты ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Рауан Қуанышкереев, доғарыстағы полиция подполковнигі Нұрымжан Ұтымов, БҚО полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының жол және техникалық инспекция бөлімінің инспекторы, полиция подполковнигі Тимур Мамытов, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Айшуақ Сейітқазиев, Жәнібек аудандық полиция бөлімі бастығының

орынбасары, полиция майоры Мейрамхан Бапаховтың бойындағы адалдық, терең жауапкершілік, қызметіне деген құрмет сезімін өзіме үлгі етемін, олардан жұмыс барысында үйренгенім, зор тәжірибесінен түйгенім көп. 2021 жылы Теректі аудандық полиция бөлімінің Ақжайық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы болып тағайындалдым, – деп полиция майоры әңгімесін өрбітті.

«Адамдық борышын – халқына қызмет қылу» деп ұғынған алғыр жігіт қызметте өрлеп, 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап Жәнібек аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Қарапайым халыққа тұрақты жұмыс, қалыпты тұрмыс, бейнетіне сай зейнеті мен ұрпағының амандығы, елдің тыныштығы, адал еңбегін арам қолдардың олжаламағаны, төккен терінің зая кетпегені. «Мен осы елдің азаматымын» деп масаттанатындай қауіпсіз өмір сүруі қажет десек, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолында толымды еңбек етіп жүрген Ренат Рафаэльұлының берекелі шаңырағының шамшырағы, ақылына көркі сай, білімді де білікті, сабырлы да салмақты, инабатты да парасатты, мейірімді де жайдарлы, кең пейілді, отбасының ұйытқысы Альфия Нұрлыбекқызы – қазақтың иманды қызы, жарының адал серігі, ата-енесінің қадірменді келіні, төрт ұл-қызды өмірге әкелген аяулы ана. Ренат пен Альфия бір ауылда өсіп, бір мектепте қатарлас оқып, қыз бен жігіт болып алты жыл сезімдерін сынаққа салып, сыннан сүрінбей отау құрыпты. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығын игерген Альфия мұғалім кейін Шағатай ауылдық округінің бас маманы болып еңбек етіпті.

– «Отан отбасынан басталады» дейді халқымыз. Ренатпен отау құрғанымызға он екі жылға жуықтады. Бір-бірімізге сыйластықпен, өзара сенім, түсіністікпен қарадық, ешқашан бет жыртысып көрмегенімізге айналамыз куә. Ата-енем өте жақсы жандар, маған олармен он жыл бірге тұру бақыты бұйырды. Енем Ранида, Арина, Эльдар, Сафия атты бүлдіршіндеріміздің күтімін жасап, тәрбиелеуде жұбайым екеумізге әркез

көмектесіп келеді. Отбасындағы ең әлсіз әрі нәзік тұс – ене мен келіннің қарым-қатынасы. Ене – отағасын дүниеге әкеліп, жеткізген жан, келін – балалардың анасы. Үш тарап үшін де ең көркем амал – отбасындағы татулық пен мамыражайлықты ұстап тұру деп білемін. Ерімнің жеткен жетістіктеріне көңілім марқайып, тынымсыз жұмысына әркез қолдау жасап, жігерлендіріп отырамын.

«Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды» деген жұбайымның қызметте жетістікке жетуі, айналасына абыройлы болуы отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшысы болып отырған аяулы анасы екеуімізге тікелей байланысты деп білемін. Әркез қоныс аударған сайын Ренаттың қасынан табылып, бір кездері біраз тәжірибе жинаған қызметімнен де бас тартып, бар өмірімді отбасыма арнап отырған өте бақытты ана, жар, келінмін. Тұнық көңіліміз лайланбай, көңілімізге қаяу түспесін деп тілеймін», – дейді жүзінен ақылдың лебі ескен Альфия.

Жәнібек ауданындағы криминалдық жағдай, жалпы алғанда, тұрақты. Жерлестеріміздің тарапынан полиция қызметкерлеріне деген құрмет пен бірлесе көмек көрсетуге деген ұмытылысты әркез байқаймыз. Жыл басында құрылған жоспарға сай профилактикалық есепте тұратын тұлғалардың тарапынан қылмыс немесе құқық бұзушылықтарды болдырмау, алдын алу мақсатында кешенді жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

2022 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша, профилактикалық есепте барлығы 162 тұлға тұрса, соның ішінде мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандар – 3, бұрын сотталған – 26, маскүнем – 55, қорғау нұсқамасымен – 34, ерекше талаптармен – 16, сонымен қатар, 28 тұлға пробация қызметі есебінде тұрған болатын. Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторларының қылмыспен күресу және алдын алу барысында өткен жылдың қорытындысы бойынша, жеке 49 қылмыс ашылды. Кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторының профилактикалық есебінде тұрған жасөспірімдер жоқ, – деп атқарып

отырған қызметіне жан-жақты шолу жасаған Ренат Рафаэльұлының жұмысын терең меңгергендігі сөйлеген сөзінен айқын аңғарылып тұрды.

Ренат Рахимов 2019 жылы үздік учаскелік полиция инспекторларын анықтау мақсатында БҚО полиция департаментінде өткізілген «Мамандығы бойынша үздік учаскелік полиция инспекторы» байқауына қатысып, Теректі ауданы бойынша «Үздік учаскелік полиция инспекторы» жеңімпазы атанып, БҚО полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі С.Сүйінбаевтың атынан грамотамен марапатталса, 2019 жылы ҚР Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының слетіне қатысқаны үшін Ішкі істер министрлігі әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, полиция полковнигі М. Байболовтың атынан куәлікке ие болды.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күресте мемлекетіміз азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында адал еңбек еткені үшін БҚО полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі М.Абисатовтың, полиция генерал-майоры М.Аблазимовтың атынан Грамотамен, Теректі ауданының әкімі М.Мұқаев пен Шағатай ауылдық округінің әкімі Р.Мүтиевтің атынан Алғысхатпен марапатталды.

«Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді» деп жазушы Баубек Бұлқышев айтпақшы, Ренат Рафаэльұлына Жәнібек жұртшылығының арасында беделіңіз биік, абыройыңыз асқақ болсын деймін.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей
бөлімінің меңгерушісі,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ЖҮЙЕ ЖҰМЫСЫН ЖАҢҒЫРТУ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙДЫ

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, жаңаша даму жолына түскен жылдар ішінде барлық сала ілгерілеп, толысты. Өзінің бағытын нақты ұстанған сот жүйесі де уақыт керуенін артқа тастап, жүргізілген тегеурінді сот реформасының аясында биік асуларды бағындырды.



Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, қылмыстық сот ісін жүргізуіне алқабилер институты енгізілді, қамауға алуға санкцияны соттың беруі бекітілді, экономикалық, әкімшілік, әскери, кәмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып қызметін бастады, 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңның қабылдануы ұлттық сот жүйесіндегі тарихи оқиға болды. Отандық сот жүйесінің халықаралық дәрежедегі беделі артып, біздегі кейбір озық үлгілер мен бастамалар шетелдік әріп-

тестеріміздің тарапынан қызығушылық тудырды.

Бұл ретте сот жүйесінде атқарылған бірнеше міндетті атап көрсетсек:

- еліміздің басты заңы – Конституцияда соттың мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретіндегі мәртебесі бекітілді;

- заңның үстемдігі сот билігінің негізгі міндеті екендігі, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы айқындалды;

- соттардың істерді қараған кезде ҚР Конституциясының ережелерін тікелей қолдануы алға қойылды;

- сот құрылысы және сот ісін жүргізу ту-

ралы заңнамаға халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қағидаттары мен нормаларын іс жүзінде іске асыру, олардың ұлттық заңнама алдындағы басымдығы белгіленді;

– судья лауазымына үміткерлерді іріктеудің жаңа талаптары мен критерийлері қойылды;

– сот жүйесінің материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және кадрлық дербестігі, соттарды республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру бекітілді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қандайда бір мемлекеттегі реформаның тиімділігі қоғамның дәстүрі, менталитеті және ерекшеліктерімен тікелей байланысты.

Тарихқа үңілетін болсақ, бірқатар шығыс мемлекеттеріндегі әлеуметтік-экономикалық модернизация олардың дәстүрлерімен сәтті үйлесім тапқан, дәстүр-салт қоғамдағы өзгерістердің өзегіне айналып, жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Дегенмен, сот реформасын жүргізуде кері факторлардың бар екені анықталған, атап айтсақ, кейбір заңнаманың жетілмегендігі, тұрақсыздығы және қарама-қайшылығы, соттар мен судьяларды материалдық-қаржылық тұрғыда жеткілікті қамтамасыз етпеу, соттардың әкімшілік-аумақтық орналасуына сәйкес жергілікті билік органдарының ықпал етуі, судья лауазымына келетін кандидаттарға және судьялар корпусына қойылатын талаптардың қатаң болмауы, соның нәтижесінде соттарға кәсіби біліктілігі мен этикасы төмен азаматтардың келуі, жүйедегі сыбайлас жемқорлық, сот аппараттары мен сот қызметін қамтамасыз ететін өзге де қосалқы қызметтердің сапасыздығы және т.б жағдайлар. Жүйедегі реформалар осы мәселелерді шешуге басымдық берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылы 23 қазанда Қазақстан Республикасы Судьяларының VIII съезіне қатысып, еліміздегі сот жүйесінің дамуы және судьялардың мәртебесі туралы ойларымен бөліскен болатын. Президент атап өткен мәселенің түйінін тарқататын

болсақ, соттың әділ және тазалық принциптеріне берік болуы үшін қоғам мен мемлекет бірлесе күш жұмсауы қажет. Әлемді шарпыған пандемия кезеңінде еліміздегі шағын және орта бизнес, медицина, әлеуметтік сала және сот қызметі де үлкен сынақтан өткені белгілі.

Мемлекеттік қызмет түрлерінің көпшілігі цифрландырылып жатқанда, сот саласы да осы жаңашылдықтан сырт қалмады. Сот процестерін жедел және қашықтан ұйымдастырудың оңтайлы тұстары да өз пайдасын тигізіп келеді.

Осы тұста сот жүйесінде заманауи ақпараттық технологиялардың да енгізілгенін атап өту керек. Ол «Сот кабинеті» сервисі, республиканың сот отырысы залдарының дыбыс-бейнежазба қондырғыларымен жабдықталуы, сондай-ақ, бейнебайланыс қызметі мұның бәрі жоғарыда аталған мәселелерді жоюға бағытталды.

Сот реформаларының арқасында қазір аудандық соттардың барлығында электронды құжат айналымы жолға қойылып, талап арыздарды көпшіліктің әлеуметтік желілер арқылы жіберіп, бақылап отыруына жағдай жасалды. Қағазбастылықтан арылып, уақытты үнемдеп отырғанымыз да осы реформалардың жемісі екені мәлім.

Соңғы уақытта сот жүйесіне енгізілген алқабилер соты, медиациялық тәсілмен дауларды шешу тетігінің табылуы қазылар жүктемесін азайтуға үлкен серпін беретін бастамалар болып табылады.

Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі әлемнің ең озық мемлекеттерінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сәйкес келеді. Сот жұмысының сапасы, оның әділдігі мен ашықтығы – кез келген мемлекеттің демократиялық дамуының басты факторы. Сондықтан, сот жүйесін модернизациялау мен заманауи тетіктерді пайдалану оның барлық деңгейінде өзекті болып қала беретіні сөзсіз.

А.КҮНШЫҒАРОВА,
Қызылорда қаласының
мамандандырылған
тергеу соты әкімшісінің басшысы

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ТІРКЕЛГЕНІ ЖӨН

Халықаралық және Қазақстан заңнамасының нормаларына сәйкес, ғылыми еңбек, әдебиет, және өнер туындыларына берілетін авторлық құқық үшін туындыны тіркеу, туындыны рәсімдеу немесе басқа да бір қағаз жүзінде көрсету талап етілмейді. Бұл ереже туынды авторының кім екеніне қатысты ешқандай дау орын алмаған жағдайда ыңғайлы.

Авторлықты растау үшін кейде автордың өзіне қатысты ашылмаған жайтты, туындының көшірмесін немесе түпнұсқасын, автор туралы мәлімет пен туынды шығарылған күнді көрсету жеткілікті. Алайда, көп жағдайда автор сотқа немесе мемлекеттік органдарға өзінің авторлық құқығын қорғауға жүгінгенде мұндай растау жеткіліксіз, автордан авторлық құқығын тіркеген-тіркемегені сұралады. Мұндай жағдайда автор алдын ала ойластырып, өзіне қажетті құжаттарды реттеуі керек.

Туындыға авторлық құқық алған автор оны үшінші бір тұлғаның пайдалануына рұқсат бере және тыйым сала алады. Туындыны салық, кеден, құқық қорғау органдары мен сотқа көрсетуге құқылы. Авторлық құқықты ресми тіркеу туындыны ақшалай бағалауда да қажет. Студенттер мен ғылыми қызметкерлер үшін авторлықты ресми растау басылымға жариялау ретінде көрсетіледі, бұл диплом немесе ғылыми атақ алу кезінде маңызды. Кей авторлар үшін бұл жаңа өнім тудыруға, кей жағдайда өзінің шығармашылық қабілетін қанағаттандыруға ынталандыру болып саналады. Авторлық құқықтың тіркелу саны университет үшін рейтинг көтеруге көмектеседі және ғылыми жұмыстар үшін грант алуға сеп болады.

Туындыны тіркеудің артықшылығы ретінде материалдық емес актив түрінде баланста тұрған туындының құны мемлекеттік тіркеу кезінде артады, ал лайықты қорғалса, жыл өткен сайын өзінің материалдық нысан ретіндегі бағасын арттырады.

Тіркеудің өзі куәлікте көрсетілген нысан әдебиет және өнер туындысы болып саналатыны расталып, авторлық құқық нысаны ретінде қорғалады. Онда туынды авторы-

ның жеке басына қатысты мәліметтер көрсетіледі және сол автор (авторлар) сот басқаша шешім шығарғанға дейін автор болып саналады. Әрі шығарманың шыққан күні бекітіледі, ал туындының уәкілетті органға түскен күні сол уақытта оның бар болғанын растайды. Сондай-ақ, аталған туындының мүлктік құқығы кімге берілгені көрсетіледі.

Авторлық құқық ол авторға тиесілі болмауы мүмкін. Ондай кезде авторлық куәлікті мемлекеттік орган береді. Ол ресми мөрмен бекітілуі керек. Сотта ол растау және авторлық құқық тиесілі екенін дәлелдеу ретінде қабылданады. Тіркеу туралы куәлік болса, авторлық құқықты иеленетінін растайтын келісімшарт (еңбек, құқық беру және т.б. туралы) көрсетілмейді, себебі, бұл мәліметтің барлығы куәлікте жазылады.

Заңға сай, тендерге қатысқан кезде авторлық құқықты куәлікпен растау талап етіледі. Туындының құнын білу үшін авторлық құқық бағалаушыларына жүгіну де артықтық етпейді. Туындының өзі уәкілетті органда сақталады, дау кезінде, мысалы, сот «даулы» шығарманы авторлық құқықты тіркеу туралы өтінішпен бірге берілген нұсқамен салыстыра алады.

Сонымен қатар, автор мен өтініш берушінің өтініші негізінде берілгені көрсетілетін куәлік, ақпарат авторлық құқық берілгенін растайды, Қазақстанда ғана емес, шет елде де баспа, мемлекеттік және жеке меншік мекемелер мойындайтыны сөзсіз.

О.ЖОЛДЫБАЕВ

Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы
ҚР «Заңгерлер одағы» РҚБ мүшесі
Түркістан облысы

КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛЫҚ ДАУЛАРЫ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 106-бабының 1,3-тармақшаларына сай әкімшілік істер әкімшілік актінің шығарылған орны бойынша немесе жауапкердің орналасқан жері бойынша қаралуға жатады. Электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік акт талап қоюшының тұрғылықты (орналасқан) жері бойынша қаралады.

2023 жылдың 1 тоқсанында Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен аталған санаттағы әкімшілік істер соттылығы бойынша басқа соттарға жолданбаған.

Салық даулардың ішіндегі ең басым бөлігі аталған санаттағы арыздар екендігі белгілі. Салық кодексінің 94-бабына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ, салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады.

Камералдық бақылау – тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі. Салық органдарында тіркеу есебіне қою және, осы кодекстің 96-бабына сәйкес, салықтық есептілікті ұсыну немесе салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу арқылы салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған құқық бұзушылықтарды салық төлеушіге дербес жою құқығын беру – камералдық бақылаудың мақсаты.

Салық кодексінің 95-бабымен камералдық



бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері қарастырылған. Салық кодексінің 96-бабына сай, камералдық бақылау нәтижелері бойынша құқықбұзушылықтар анықталған жағдайда: тәуекел дәрежесі жоғары және орташа құқықбұзушылықтар бойынша – анықталғандарының сипаттамалары қоса беріле отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқық бұзушылықтарды жою туралы хабарлама ресімделеді.

Төменгі деңгей бойынша – камералдық бақылау нәтижелерімен анықталған құқықбұзушылықтар туралы хабар-хат ресімделеді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойын-

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған мәселелер туралы хабар-хат салық төлеушіге салықтық есептілікте құқықбұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мәлімет үшін жіберіледі.

ша анықталған мәселелер туралы хабар-хат салық төлеушіге салықтық есептілікте құқықбұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мәлімет үшін жіберіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған жағдайларды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмады деп танылған кезде салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары

анықтаған құқықбұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім шығарады және оны салық төлеушіге мынадай тәсілдерінің бірімен:

1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

2) электрондық тәсілмен веб-қосымшаға немесе пайдаланушының «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинетіне жібереді;

3) оны салық төлеушіге қолын қойдыра отырып табыс етеді.

Осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім табыс етілген (алынған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) оған жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауына болады. Мысалы, М деген азаматша камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешімді заңсыз деп тану туралы әкімшілік талап арыз берген.

Іс бойынша салық органы камералдық бақылау жүргізу барысында жылжымалы мүлікті меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт Қазақстан аумағында меншік құқығында болған пәтерді сату кезінде құн өсімінен түсетін кіріс туындағанын анықтаған. Арызданушы камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқықбұзушылықтарды жою туралы хабарламаға Салық кодексінің 96-бабына сай түсініктеме ұсынған. Салық органдары жолданған түсініктеменің заңдылықтың сақталуына ғана баға беруге міндетті.

Соттың шешімімен талап қою арызы қанағаттандырылған, сот арызданушымен заңдылықты сақтап уақытылы түсініктеме ұсынғандығына назар аударды.

М. ШАРИПОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫЛАТА МА?

Жыл сайын 400-ге жуық қазақстандық қыз-келіншек тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді екен. 2023 жылдың басынан бері өз үйлерінде 18 әйел ажал құшты. Олар аурудан көз жұмған жоқ, күйеуінің немесе бірге тұратын ер адамының қолынан қаза тапты. Айта кетейік, ҚР ІІМ хабарлағандай, алдағы уақытта отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік қатаңдатылады. Аталған шара қаншалықты тиімді болмақ?

Мемлекет басшысы азаптау мен қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын әрекеттердің алдын алу саласындағы адам құқықтары мәселесі бойынша заңға қол қойғаны бәрімізге белгілі. Заң отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтеді. Осы туралы Кентау ҚПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция лейтенанты Айжан Абдуқадыр түсіндіріп айтып берді.

«Парламент депутаттары түзетулерді қолдады, Мемлекет басшысы оларға қол қойды. ҚР ҚК өзгерістері 15 мамырдан бастап, ӘҚБтК 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді», – деп түсіндірді Кентау ҚПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы.

Жыл сайын полицияға тұрмыстық жанжалдар туралы 100 мыңнан астам өтініш пен хабарлама келіп түседі. Бұл саладағы заңнама біресе қатаңдатылды, біресе жеңілдетілді, бірақ бұл айтарлықтай өзгерістер әкелмеді. Оның үстіне, 2015–2016 жылдары 100 мыңнан астам хабарлама бойынша кінәлілер ешқандай жазаға тартылған жоқ. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері басқа проблемаға тап болды. Жәбірле-

нушілер көбінесе агрессорға қаржылық және психологиялық тәуелді болғандықтан, шағымданғысы келмейді. ІІМ тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы әрбір хабарламаға ден қою шараларын қолданады, алайда 60% жағдайда жәбірленушілер арызданудан бас тартады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жәбірленушінің өтініші болмаса, отбасындағы бәлеқорды жауапқа тартуға болмайды. Нәтижесінде жазасыздық бассыздыққа әкеледі, қол жұмсау әдетке айналады, көбінесе мұның салдары ауыр болады екен. Биылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 26 мың қорғану нұсқамасы шығарылды. Жанжалқойларға қатысты 17,5 мың әкімшілік хаттама жолданды. Сот шешімі бойынша 4 мыңнан астам адам қамауға алынды. Алайда, жәбірленушілердің жартысына жуығы сотта агрессорлармен татуласты. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанған жағдайлары жиі кездеседі. Мемлекет басшысы 2022 жылғы қыркүйектегі жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату

туралы тапсырма берді. Оған сәйкес, ІІМ осындай құқықбұзушылықтарды тіркеудің арызданудан анықтаушы сипатына көшуді көздейтін заңнамалық өзгерістер әзірледі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, полиция жанжал болған жерге келгеннен кейін жәбірленушілер арыз жазудан бас тартады. Мұндай фактілер жиі орын алған. Алайда, полиция кеткеннен кейін жанжалдар қайта басталып, кейде ауыр

Билғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 26 мың қорғану нұсқамасы шығарылды. Жанжалқойларға қатысты 17,5 мың әкімшілік хаттама жолданды. Сот шешімі бойынша 4 мыңнан астам адам қамауға алынды. Алайда, жәбірленушілердің жартысына жуығы сотта агрессорлармен татыласты.

зардаптарға әкелетін жағдайлар да болады. Мұндай оқиғаларды БАҚ-та берілген жаңалықтардан көріп отырмыз.

– Тұрмыстық құқықбұзушылықтарды тіркеуді арыздану сипатынан анықтау сипатына көшіру керек. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрмыстық зорлықтан зардап шегушілер өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген кезде полицияға жүгінеді, ал полиция қызметкерлері келгеннен кейін агрессорларға қарсы арыз жазудан бас тартады. Өткен жылдың өзінде мұндай фактілер 70 мыңнан асты. Көбінесе полиция келіп кеткеннен кейін отбасындағы жанжал әрі қарай жалғасады, кейде бұл ауыр зардаптарға әкеліп соғып жатады. Ұсынылған түзетулер зардап шегушілердің өтінішінсіз, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қозғауға мүмкіндік береді. Хаттама толтыру үшін оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасы, жәбірленушіден түсініктеме алу, куәлердің, көршілердің

айғақтары, бейнебақылау камераларының, сондай-ақ, полицейдің бейнетіркегішінің жазбасы жетіп жатыр. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігін болдырмаймыз, – деді полиция лейтенанты.

Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі алынып тасталады. 2022 жылы тұрмыстық жанжалдар бойынша сотқа 47 мың әкімшілік хаттама жіберілді, оның 20 мыңы татуласуға байланысты тоқтатылған. Енді сотта бір рет қана татуласуға болады.

– Өтініш болған жағдайда біз әкімшілік хаттама толтырамыз, олардың жартысы жәбірленушінің агрессормен татуласуына немесе ұстанымының өзгеруіне байланысты сотта тоқтатылады. Бұндай жағдайлар агрессордың қысымының немесе туыстарының араласуының нәтижесінде болады, – деді Айжан Абдуқадыр.

Айта кету керек, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері құқықбұзушылықтың ауырлығына қарай белгіленіп, ұлғайтылды. ҚР Қылмыстық кодексінің кейбір баптарына күшейтілген түзетулер енгізілді. Әкімшілік құқықбұзушылық заңнамасынан өзге, қылмыстық заңнамаға да өзгерістер енгізілді.

– Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің шеңберінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқықбұзушылықтар жасағаны үшін 73-бап, 73-1-бап, 73-2-бап, 461-бап, 669-баптың 2-бөлігі, 669-баптың 3-бөлігі, әкімшілік қамауға алу мерзімдері айқындалған. Бұл баптардың бәрінен «дейін» деген шектеуді алып тастадық, 10, 15, 20 тәулік қамауға алу қалдырылды, сондай-ақ қайталанған құқықбұзушылықтар бойынша 25 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу мерзімі ұзартылды. Қолданыстағы заңнама бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық

бұзушылықтар жасағаны үшін 5, 10 немесе 15 тәулікке дейін қамау қарастырылған. Тәжірибеде соттар қаулы шығарған уақытта 1 тәуліктен 5 тәулікке дейін ғана қамаумен шектелетін. Сонымен, жаңа өзгерістерде отбасылық жанжал үшін агрессорға ескерту немесе 5 тәулікке қамау қарастырылып отыр (қолданыстағы 5 тәулікке дейін). Енді осы құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанған уақытта ескерту берілмейді, бірден 10 тәулікке қамалады (қолданыста 10 тәулікке дейін). Ұрып-соққаны үшін – 10 тәулікке (қолданыста 10 тәулікке дейін) қамау, қайталанса – 20 тәулікке (қолданыста 15 тәулікке дейін) қамау қарастырылып отыр, – деді полиция лейтенанты.

Атап айтқанда, тұрмыстық жағдайда «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған адамға қатысты жасалған» ауыр жарақат және орташа ауырлықтағы дене жарақатын келтіргені үшін ауырлататын қылмыстық жауапкершілік туындайтын болады. Қылмыстық кодекстің 106 және 107 баптарында көрсетілген «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған адамға қатысты іс-әрекет жасау» деген ауырлататын мән-жайлар енгізілді.

– Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін – 15, қайталанса – 25 тәулікке қамау. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін ескертуді алып тастадық, енді тек 10 тәулік қамау қарастырылады. Мінез-құлыққа ерекше талаптар орнатуды бұзғаны үшін айыппұл алып тасталды, ал қамаудың мерзімі 10 тәулікке ұлғайтылды. Құқық бұзу қайталанса – 20 тәулікке қамау, бұрын ол 10 тәулікке дейін болған. Қылмыстық кодекстің жекелеген баптарына (ҚК 106-бабы, ҚК 107-бабы) ауыр және орташа ауырлықтағы денсаулыққа зиян келтіруге байланысты «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділігі бар адамға қатысты іс-әрекет жасау» деген саралау белгісі енгізілді. Бұл оларды шағын ауырлықтан орташа ауырлыққа

ауыстыруға және қылмыскерді оқшаулау үшін қамауға алу түріндегі санкцияны қолдануға, сондай-ақ, жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді. ҚК 106-бабының 1-бөлігінің санкциясы 3 жылдан 8 жылға дейін, 106-бабының 2-бөлігі бойынша 6 жылдан 10 жылға дейін ҚК 107-бабының 1-бөлігінің санкциясы 2 жылға дейін, 2-бөлігіне 2 жылдан 3 жылға дейін ұзартылды. Ағымдағы жылдың 16 наурызында бұл түзетулерді Парламент депутаттары қолдап, Мемлекет басшысы қол қойды, – деді Айжан Абдуқадыр.

Сондай-ақ, оның айтуынша, түзетулер сотталғандардың денсаулығын сақтау құқығын жүзеге асыру, ауыр сырқаттар болған кезде адамгершілікпен қарау, сотталған әйелдердің балаларымен әлеуметтік байланыстарын сақтау, алғаш рет сотталғандар арасында заңға бағыну мінез-құлық тетіктерін кеңейтуді, сондай-ақ, ұлттық заңнаманы БҰҰ-ның азаптауға және басқа да қатыгездік пен адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына сәйкес келтіруді көздейді. Заңның тағы да бір жаңалығы – бейнежазбаны қолданған жағдайда тергеушінің қысқаша хаттама жасау құқығының енгізілуі. Бұл процессуалдық мерзімнің қысқаруын және азаптауды болдырмауды қамтамасыз етеді. Норма азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға, тергеу әрекеттерін жүргізу уақытын қысқартуға және бюрократиядан арылуға бағытталған.

Елімізде қаншама нәзік жандар зорлық-зомбылықтың құрбанына айналууда. Көптеген әйелдер қазақы дәстүрді ұстанып, «балаларымның әкесі ғой» деп арызданбайды. Соның салдары қанша әйел өмірін өксітіп келеді.

Раушан НАРБЕК
Түркістан облысы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ІС МАТЕРИАЛДАРЫМЕН ТАНЫСУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Азаматтық іс жүргізу қатынастары талап қоюшының сотқа талап, арыз немесе шағым түсірген кезде пайда болады. Азаматтық процесс соттың, тараптардың, процеске қатысушылардың процессуалдық әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Қарапайым тілмен айтқанда, азаматтық сот ісін жүргізуге қатысатын тұлғаларды соттың құрамы мен іске қатысушылар деп бөлуге болады.



Азаматтық процесік кодекстің (АПК) 43-бабына сай, тараптар, үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе осы кодекстің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар, сондай-ақ, 302-бапта көрсетілген сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүд-

делі адамдар іске қатысатын адамдар деп танылады.

Тиісінше, АПК-ның 55-бабында заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе азаматтар, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, әрекетке қабілетсіз азаматтың мүдделерін қорғаушы, бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар, заңда

көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атынан қорытынды беру үшін процеске кірісе алады.

Тараптар деп талап қоюшы мен жауапкер танылады. Мәселен, өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар – талап қоюшылар, ал өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар – талап қоюшының немесе жауапкер тарапындағы тараптардың біріне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне ықпал етуі мүмкін тұлғалар. Олар тараптардың және іске қатысушы басқа да адамдардың өтініші бойынша немесе соттың бастамасы бойынша іске қатысуға тартылуы мүмкін.

Прокурор – азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына мемлекет атынан жоғары қадағалауды жүзеге асыратын тұлға.

Сотта өкілдік етушілер – адвокаттар мен заң кеңесшілер заң мәселелері бойынша түсіндірмелер, кеңес беретін, өзіне жүктелген міндеттерді атқаратын, кәсіби құқықтық көмек көрсететін, тараптардың өкілі болып іске қатысатын адвокаттар алқасының немесе заң консультанттар палатасының мүшесі болып табылатын, өз міндеттерін кәсіби тұрғыда атқаратын тұлғалар. Сонымен қатар, заңды тұлғалардың, мекемелердің қызметкерлері де өкіл ретінде сотқа қатыстырылады.

Заңды өкілдер – әрекетке қабілетсіз азаматтардың, кәмелетке толмағандардың және сот тәртібімен әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері немесе оларды алмастыратын басқа да

тұлғалар.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қандай да болмасын мәліметтер өзіне белгілі болған кез келген адам куә бола алады. Сот процесіне куә ретінде шақырылған тұлға сот белгілеген уақытта келуге және өзіне мәлім ақпаратты шынайы айтуға міндетті. Жалған куәлік ету қылмыстық заңнамада көзделген жауаптылыққа алып келеді.

Сондай-ақ, сот ісін жүргізу барысында судьяның сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесуші қатарында сот сараптама-сын жасау үшін сарапшыны, ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға консультациялар (түсіндірмелер) беру және көмектесу арқылы дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға жәрдем көрсету мақсатында сот отырысына немесе процестік әрекеттерге қатысу үшін істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы білімі бар кәмелетке толған адамды маман ретінде тартуы мүмкін.

Жалпы, сотқа қатысушы тұлғалар іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге, қарсылықтарын мәлімдеуге, дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға, өтінішхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар беруге құқығы бар. Олар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, мүдделерін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процестік құқықтарды адал пайдалануы және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуге тиіс.

Эльмира АХМЕТОВА,
Қызылорда
қалалық сотының судьясы

СОТ ШЕШІМІН ТЕК СОТ ҚАНА ӨЗГЕРТЕДІ

Сот билігі – қоғамда туындаған істер мен дауларды шешеді және сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьялар тек Конституция мен заңдарға ғана бағынады. Сондықтан сот судьясы әрбір іс бойынша сот актісін Қазақстан Республикасының атынан қабылдайды және ол республиканың бүкіл аумағында орындауға жатады.



А.САЙДУЛЛАЕВ
Шиелі аудандық сотының судьясы

Біздің еліміз егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет. Демократия деп халықтың билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне

негізделген мемлекеттік құрылысты айтамыз. Осы негізде сотта заңды күшіне енген шешімдер, ұйғарымдар мен қаулылар жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін. Яғни, тараптардың арыз-шағымы негізінде сот қабылдаған шешімді жоғары тұрған сот өзгертуге, күшін жоюға құқылы.

Мәселен, азаматтық, қылмыстық істерді қайта қарауға бұрын қаралған істі дұрыс шешу үшін елеулі маңызы бар, туындаған немесе орын алған, алайда олар туралы сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін белгілі болған заңды фактілер негіз. Мағынасы бойынша басқа сот актісін шығаруға алып келетін заңды фактілер елеулі маңызы бар деп танылады.

Соттар Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 455-бабының бірінші бөлігінің заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін дербес негіз болып табылмайтынын ескеруі керек. Қайта қарау үшін нақты негіздер АПК-нің 455-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген, олар толық болып есептеледі және кеңейте түсіндіруге жатпайды.

Сондықтан соттардың іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарымда-



ры, сондай-ақ, бірінші сатыдағы соттың төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты және төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы арызды қарау нәтижелері бойынша ұйғарымдары жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Іс мәні бойынша шешілмеген бірінші сатыдағы соттың өзге де актілері (мысалы, талап қою арызын қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым, талап қою арызын қайтару туралы ұйғарым, процестік мерзімді қалпына келтіру туралы немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарым, сот шешімін түсіндіру туралы ұйғарым, жеке ұйғарым) жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралмайды.

Заңды күшіне енген заңсыз және негізсіз сот актілерін түзету – сот жүйесінде азаматтық істерді қадағалау тәртібімен қайта қарау арқылы жүзеге асырылады. Қадағалау тәртібімен істерді қайта қарау өндірісінің мақсаты – төменгі инстанциялардағы соттардың шығарған актілерінің заңдылығын тексеру болып табылады. Бұл институт азаматтардың, ұйымдардың, мемлекеттің бұзылған құқықтарын, бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталады. Тағы бір ескере кететін жайт, азаматтық іс жүргізу сатысының жеке дербес сатысы ретінде сот актілерін

қадағалау тәртібімен қайта қарау – түпкілікті мақсатқа жету үшін бағытталған іс жүргізу әрекеттерінің жиынтығы деп қарастыратын болсақ, түпкілікті бір мақсатқа жету үшін оны реттейтін заң нормалары жекелеген азаматтар мен ұйымдардың және мемлекеттің мүддесін қорғау үшін жауап бере алуы тиіс.

Қорыта айтқанда, заңды күшіне енген заңсыз және негізсіз сот актілерін түзету сот жүйесінде қадағалау тәртібімен қайта қарау арқылы жүзеге асырылады. Қадағалау тәртібімен істерді қайта қарау өндірісінің мақсаты – төменгі инстанциялардағы соттардың шығарған актілерінің заңдылығын тексеру.

Бұл институт азаматтардың, ұйымдардың, мемлекеттің бұзылған құқықтарын, бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Себебі, қадағалау сатысындағы соттарға апелляциялық инстанциясының соттарына қарағанда заңмен бекітілген көп мүмкіндіктер берілген.

Осылайша сот азаматтық және қылмыстық істерді қадағалау тәртібімен қайта қарау кезінде қолданыстағы барлық заңдардың тармақтарын негізге ала отырып, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актілерінің күшін жоя алады және оларды өзгерту негіздерін қайта қарайды.

Қызылорда облысы

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.6.2023 ж. жіберілді. Басуға 22.6.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 13. Таралым 525.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»